тұратын жері, ұлты, жынысы және оқу орны секілді факторларға да байланысты (Чен Гадини, 2012; Фарзана, 2011).

Осы себептен Назарбаев Зияткерлік мектебі және жалпы білім беретін орта мектептің (ЖББОМ) оқушылары салыстырыла зерттелді. Аталмыш зерттеу жұмысының нәтижесінде конфликт жиілігі мен оқу орны түрі және жас ерекшеліктері арасында өзгешеліктер бар екендігі айқындалды.

Зерттеу әдіснамасы


Зерттеу нысаны ретінде Шымкент қаласындағы бір Назарбаев Зияткерлік мектебі және бір жалпы орта мектебінің оқушылары кездейсоқ таңдалып, сауалнама алынды. Сауалнамаға барлығы 63 оқушы қатысты, оның 31 оқушысы Назарбаев Зияткерлік мектебінен болса, 32 оқушы жалпы орта мектептен, 33 жасөспірім 12-14 жас аралығында болса, қалған 30 оқушы 15-18 жастағылар. Сауалнама Принзтің, (1979) Parent-adolescents Issues Checklist (Ата-ана мен жасөспірім мәселелері тізімі) құралына сүйеніп, қазіргі оқыту бағдарламасы және өзіміздің құндылықтарымыз ескерілді және өзгертулерден өтіп 26 тізімді құрады. Оқушының оқу орны мен жас ерекшелігін анықтау үшін қосымша сұрақтар қосылды. Әрбір мәселе үшін жасөспірім өзінің соңғы үш айда осыған байланысты конфликт болғандығын немесе болмағандығын бес балдық шкала арқылы бағалауы тиіс болатын.

Екінші әдіс ретінде сауалнама нәтижесінің жарамдылығын нақтылау мақсатында екі мектеп психологтарынан сұхбат алынды.

Зерттеу нәтижесі

Принз бен Фостердің (1979) “Ата-ана мен жасөспірім мәселелері тізімі” бойынша екі мектеп арасында ата-анамен дауға түсу жиілігі әртүрлі екендігін анықтадық. Назарбаев Зияткерлік мектебі оқушылары 8 конфликт түрімен қақтығысса, жалпы орта мектебінде 10 конфликт түрі анықталды. Ең үлкен дау себебінің туындауы жағынан екі мектеп арасында айтарлықтай айырмашылық бар, ол оқушылардың үйге кеш келу себебінен туындап отыр (сурет 1).


Зияткерлік мектеп оқушылары жалпы орта мектеп оқушыларына қарағанда үйге келу уақыты кештеу және бұл ата-анамен кикілжіңнің басты себебі болып отыр. Ал көршілес мектепте бұл мүлде маңызды себеп болмай отыр. Керісінше, жалпы орта мектеп оқушыларының ата-анамен дауы әсіресе, түнгі ұйқыға кету уақытының әсерінен туындайды. Бұған қоса, дәрекілік көрсету және көмек беру мәселесі бойынша Назарбаев Зияткерлік мектебі оқушылары ата-анамен жиі түсініспеушілікке бармайтындығы көрініп отыр.



1-сурет. Оқушылардың ата-анамен дау туындауының себептері

Жасөспірімділіктің бастапқы кезеңінде жеткіншектер, ересек жасөспірімдерге қарағанда жиі дауға келеді. Осы зерттеу нәтижесіне сүйенсек, екі мектеп оқушыларын қоса алғанда, 12-14 жастағыларда конфликт үшін 10 түрлі себеп болса, 15-16 жастағыларда

барлығы 5 себеп түрі анықталды. Жас және ересек жасөспірім арасындағы ең үлкен айырмашылық, ол нашар мінез таныту болып табылды. Бұл кіші жастағы жасөспірімдердің өздерінің орынсыз мінез-құлқын ересектерге қарағанда өте жиі көрсететіндігін білдіреді. Сонымен қатар, ұйқыға кету уақыты, бауырымен керісу және үйге кеш оралу 12-14 жастағы жасөспірімдерде жиі кездесетіндігі және бұған аса көп көңіл бөлуді талап ететіндігі анықталды. Алайда киім үлгісі, сөз қайтару, достық қатынас құру және жатын бөлмесін жинақтау т.б. даулардың себеп-салдары оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай айырмашылық байқалмады (сурет 2).



2-сурет. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай дау туындауының себептері

Психологтардың тәжірибесіне сүйенсек, оқушылардың ата-анасымен келіспеушілікке баруларының басты себебі - өздерін толыққанды ересек ретінде сезінуі арқылы ата-анасынан тәуелсіз болғысы келетіндігі. Бұл олардың өз қалауларын қанағаттандыруға тырысуынан және жағдайды өз қалауларынша бағыттауынан туындайды. Ал мұндайда жасөспірімнің ата-анасымен қатынасы тез шиеленіседі. Оқушылардың психологпен кездесуге де осы мәселе, яғни, қарым-қатынас және жеке бас мәселелері түрткі болып отыр.

Нәтижелерді талқылау

Алынған нәтижені анализ жасау барысында, алғашында жасалған гипотеза, яғни кіші жастағы жасөспірімдердің конфликтке ұшырау жиілігі жасы үлкен жасөспірімдерге қарағанда жоғары екендігі расталды (Галамбос, 1992; Стейнберг, 1990). 12-14 жас аралығындағы оқушылардың конфликтке баруының басты себептері кеш ұйықтау, зиянды тамақтану, мектепте нашар мінез көрсету, киім мәселесі болып отыр. Сонымен қатар, психологтың жастық максимизациясы туралы жауабы жоғарыда келтірілген концепцияға дәлел бола алады.

Аталмыш екі мектеп оқушыларын салыстырсақ, Назарбаев Зияткерлік мектебі оқушылары ата-анасымен мектеп күнтізбесіне байланысты конфликтке аз барады. Жалпы орта мектеп жасөспірімдері арасында конфликт пайда болуының басты себептері ретінде, бауырларымен керісу, үй шаруасы болып танылса, екінші мектеп оқушылары арасында киім-кешек, төмен баға және телефонды шектен тыс көп қолдану болып табылды.

Мектептер арасындағы ең үлкен өзгеріс Назарбаев Зияткерлік мектебі оқушыларының конфликтке үйге кеш қайтуынан, кешке дейін мектепте қалып, үй жұмысын орындап немесе кітапханада отыруы себебіне көз жеткіздік. Мұндайда оқушыларының ата-анасымен дауға түсу жиілігін төмендету үшін баланың оқу жоспарын және күн тәртібін біліп отыруы керек, ал бала өз кезегінде оларды үйге қашан оралатыны туралы айтып хабардар етуі тиіс.

Сонымен бірге киіну мәселесі жас және оқу орнына байланысты емес болып шықты, яғни барлық топ түрлерінде де бірдей шаманы көрсетіп отыр. Бұның басты себебі - жасөспірімдердің ерекше сән үлгісінде киінуі немесе осы кезеңдегі адамның өзін қалыптастыру кезінде өзіне түрлі үлгілерді сынап, киім-кешекке қызығуы болып отыр. Ал, ата-анасынан жеткілікті қолдау көрмегендіктен дау туу мүмкіндігі жоғары болатындығы белгілі.

Жас ерекшелігіне байланысты ата-ана мен жасөспірім конфликтке түсу жиілігі туралы нәтиже алдыңғы зерттеу нәтижелерімен сәйкес келді (Галамбос, 1992; Стейнберг, 1990).

Үлкен және кіші жастағы жасөспірімдер арасындағы үлкен айырмашылықтың “нашар мінез көрсетуде” болуының басты себебі 12-14 жастағы балалардың тез ашушандығы және ата-анамен суық қатынаста болуы, өздерін ересек адамдай сезінуі көбінесе дау туғызады. Ал ересек жасөспірімдер салыстырмалы түрде сабырлы болу себебі олар өздері бұл кезеңді бастан өткеріп қойған.

Қорытындылар

Жоғарыда келтірілген конфликтті шешу үшін ата-ана мен мұғалімдер балаға қатал болғаннан бұрын олармен ашық сөйлесуі керек болса, ал оқушылар ашуға берілмей, сабыр сақтай отырып, назарын оқуға аударуы керек. Жасөспірімдер ата-аналарымен немесе мектеп психологымен ашық сөйлесе алмаса, өзінен үлкен аға-әпкелеріне жүгіну арқылы кеңес алуы тиімді.

Психологтардың айтуынша, жасөспірімдер ата-ана алдындағы жауапкершілігін сезініп, әрбір бірге өткен уақытты бағалай білуі тиіс. Ара қатынастарын күшейту мақсатында олар біргелікте түрлі шаралар жасауы керек: табиғатқа шығу немесе спортпен айналысу.

Зерттеу жұмысының толықтыратын тұстары - сауалнамаға қатысушылар санын арттыру, ата-аналардың да көзқарастарын ескеру арқылы нәтиженің дәлдігіне қол жеткізу. Бұл Оңтүстік Қазақстан облысының жастары үшін жалпы түйін түсінік шығаруға негіз бола алады. Зерттеу жұмысына оқушылардың ұлтты, менталитеті, жынысы, діни көзқарастары бойынша конфликт жиілігінің әсерін зерттеу жұмыстарын толықтыруға болады. Зерттеу жұмысын одан әрі дамыта түсу үшін осындай мәселелердің шешу жолдарын тереңірек зерттеп, зерттеу аумағын республика деңгейінде зерттеуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Галамбус Н.Л., Альмейда, Д.М. Ата-аналар мен жасөспірімдер арасындағы жанжалдар ерте жаста ұлғаюына әсер етеді ме? // Неке және отбасы журналы, 1992, №54, 737-747б.
2. Карл П.Э. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасқа- қақтығысқа қарсы күрес// <https://www.psychologytoday.com/blog/surviving-your-childs-adolescence/200908/parentadolescent-conflict-fighting-communicate>, 2009.
3. Коллинз, В. А., Стейнберг, Л. Адам арасындағы қарым-қатынаста жасөспірімдерді дамыту// Эйсенберг, Н. (Ред.), Әлеуметтік, эмоционалды және жеке тұлғаны дамыту: Бала психологиясының анықтамалығы (1003-1067 ж.). 2006. Нью-Йорк: Вилей.
4. Лэрсон, Р., Лэмпан-Пэтрайтис, С. Балалар мен жасөспірімдердің күнделікті эмоционалдық жағдайы // Балаларды дамыту, 60. 1989. 1250-1260 б.
5. Принз, Р. Дж., Фостер, С.Л., Кент, Р. Н., О'Лэри. Қиындыққа ұшыраған және қиындық шекпеген ана мен жасөспірімдердегі қақтығыстарды көпжақты бағалау // Қолданбалы мінез-құлықты талдау журналы, 12. 1979. 691-700 б.
6. Стейнберг, Л. Отбасылық қатынастағы автономия, қақтығыстар және үйлесім // Филдман С.С. және Эллиот Г.Р. (Ред.), Табалдырығында: дамушы жасөспірім. 1990. Кембридж, Гарвард Университетінің Баспасөзі. 255-276 б.
7. Фарзана А., Нажма Н. Жасөспірім-жасөспірімдер арасындағы қақтығыс кезіндегі жас пен гендерлік айырмашылықтар // Мінез-құлық туралы ғылым журналы, 21-2. 2011.
8. Фурман. В., Бурместер, Д. Жеке қарым-қатынас желілерін қабылдаудағы жас және жыныстық айырмашылықтар // Балаларды дамыту, 63. 1989. 102-115б.
9. Чен-Гадина, М. Қытайлық аналар мен жасөспірімдердің билік пен автономияға көзқарасы: қалалық және ауылдық жерлердегі ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты зерттеу. 83-б. 2012. 1846-1852 б.

Аннотация

Влияние процесса глобализации на семейные ценности и факторы, влияющие на отношения

между родителями и подростками усугубляется. Одним из них является учебный процесс и учебное заведение. Данная статья исследует конфликты, возникающие между родителями и подростками в контексте городских общеобразовательных и Назарбаев Интеллектуальных школ. Основная причина, по которой учащиеся конфликтуют со своими родителями, заключается в том, что они хотят быть независимыми от своих родителей, чувствуя себя взрослыми. Важность исследования заключается в том, чтобы понять природу и внутреннее поведение подростков и помочь снизить риск возникновения будущих конфликтов. В статье также сравниваются влияние Назарбаев Интеллектуальных и общеобразовательных школ на отношения учащихся с родителями. Возрастная классификация определяет, когда подростку необходимо уделить соответствующее внимание.

Abstract

The impact of globalization on family values and factors affecting the relationship between parents and adolescents is compounded. One of them is the educational process and educational institution. This article explores the conflicts that arise between parents and adolescents in the context of general education and Nazarbayev Intellectual schools. The main reason students conflict with their parents is that they want to be independent from their parents, feeling like adults. The importance of the research is to understand the nature and internal behavior of adolescents and help reduce the risk of future conflicts. The article also compares the influence of Nazarbayev Intellectual and general education schools on students' relations with parents. Age classification determines when a teenager needs to be given appropriate attention.

ӘОЖ 37.13.2

Л.Ш. Арипбаева, Р.К. Жанабаева, С.А. Естемкулов, Л.К. Жанабаева

п.ғ.к., аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

МУЗЫКА ТЕРАПИЯ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ ЖОЛДАРЫ

Түйін

Мақалада музыка терапия арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жұмыстарын жүргізу жолдары қарастырылған. Музыка өнері дүниеге көзқарасты қалыптастырудың ықпалды құралы ретінде, жас өспірімдердің адамгершілік қасиеттерін, моральдық интеллектуалдық ортасын, оқушылардың тұлғалық сезімдерін қалыптастыру жолдары көрсетілген. Музыка адамды ізгілікке жетелейді, ол адам жанының адамгершілік қасиетін қалыптастыруға әсерін тигізеді. Адамның жан-жүйкесіне, сезімі мен көңіл-күйіне әсер ететін музыканы барлық ауруды емдеуге қолданған. Осы тұрғыдан алғанда егер баланың алдында беріле тыңдау, айыра білу, салыстыру, мәнерлеу құралдарын бөліп қарау міндеттері қойылатын болса, эмоциялық үн қосу өз мәнін жоғалтпайды. Осындай ақыл-ой іс-әрекеттері олардың сезімдер өрісі мен әсерленуін байыта және кеңейтеді, ойлы мән береді яғни осының нәтижесінде интеллектуалдық тәрбие алады.

Кілттік сөздер: терапия, орындаушы, шығармашылық, дарындылық, шеберлік, музыкалық мәнерлік, эстетикалық тәрбие, тыңдау.

Баланың шығармашылық қабілетін ашу үшін, оны алға қарай дамыту үшін ең бастысы жан-жақты жағдайлар жасау қажет. «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан

ұстазға жүктелетін міндет ауыр», — дей отырып Елбасы Н.Ә.Назарбаев қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болуды ғана емес, тарихи танымдық, саяси экономикалық білімділік, педагогикалық-психологиялық және ақпараттық сауаттылықты талап етеді.

«Баланы оқытудың мақсаты — оны әрі қарай мұғалімнің көмегінсіз — ақ дамуға қабілетті ету», — дей отырып Эдгард Хабард бүгінгі таңдағы білім берудің мүмкіндіктерін айқындайды. Өзгермелі қоғамдағы білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне мүмкіндік тудыру екеніне көз жеткізудеміз.

Мемлекетімізде Орта білімді дамыту бағытында білім беру саласының басты талабы: кең дүниетанымдық көзқарас, толық құзыреттілік, шығармашылық әрекетке бейім жас ұрпақ тәрбиелеу. Оқушылар тәрбиесі барысында педагогика және психология саласындағы қолданылатын тиімді әдістердің бірі – музыкалық терапия.

Жер бетінде музыкасыз ұлт жоқ. Музыка тілі дүние жүзіндегі адамзатқа түсінікті дүние. Ең әсерлі, сиқырлы сұлу сөз де адам сезіміне музыкадай әсер ете алмайды. Шынында музыканың берер әсерін тілмен, сөзбен айтып жеткізуге болатын болса онда музыканың қажеті болмас еді. Музыканың құдіретін ұлы Абай Құнанбаев «Құлақтан кіріп бойды алар, әнді сүйсең менше сүй» – дегендей, музыканың сезім мүшелерімізге әсер етіп, бүкіл ағзамызға жағымды әсерін әсем ән мен тәтті күй арқылы әдемі суреттеп берген. Ұлы Абай музыканың құдіретін, оның емдік қасиетін көрсете білген. Қазақ халқының музыка өнері және оның адам сезіміне әсері мен қуат күші жайында айтылған ойларымен пікірлерінің басында Әбу насыр әл-Фараби тұрады. Әл-Фараби музыка жайында жазған трактаттарында саз өнерінің адамды тәрбиелеу мен түзету мүмкіндіктері айтылған. Әл-Фараби мұрасы педагогикалық, психологиялық жағынан да көптеген зерттеулерге негіз. Жасынан бейім болған өнерлердің бірі – музыка, әл-Фараби саз өнерінің қыры-сыры туралы көп ізденген. Музыканың адамды көзсіз еліктіретіндігі жанына жағымды әсер ететін тәрбиелік әлеуметі жайлы да көптеген пікірлері бар. Мысалы: Аристотель, музыка – бос уақытты пайдалану ақылды дамыту үшін қажет. Музыка адамды ізгілікке жетелейді, ол адам жанының адамгершілік қасиетін қалыптастыруға әсерін тигізеді.

В.А. Сухомлинский: «Музыка арқылы тәрбиелеу – бұл музыкантты тәрбиелеу емес, ең алдымен адамды тәрбиелеу» – деген.

«Терапия» – латын тілінен аударғанда емдеу деген ұғымды білдіреді, сонда музыкалық терапия дегеніміз музыкамен емдеу болып шығады. Замануи өмірде музыка барлық жағдайда қажет. Үйде, көлікте, сыртта, офисте, жұмыста және т.б. Адамзат музыканың емдік қасиетін барын ертеде білген. Адам тәнін музыкалық аспап ретінде қарастырсақ жүректің соғуы ең үлкен ырғақ болады. Сонымен қатар адам қорыққанда, уайымдағанда немесе қуанғанда жүректің соғуы ырғақтық музыкаға айналады. Жаны жоқ дейтін өсімдіктерде жақсы музыкамен тез өсіп, жақсы өнім береді. Музыка жан-жануарларға әсер ете алатыны жаңалық емес. Адамның жан-жүйкесіне, сезімі мен көңіл-күйіне әсер ететін музыканы – қазақтар тәңірдің күбіріне тенеген. Ежелгі гректердің ұлы ойшылдары Демокрит: «Флейтаның сиқырлы сазымен кейбір ауруларды емдеуге болады» десе, Гиппократ музыканы барлық ауруды емдеуге қолданған. Платон, Аристотель және Пифагор музыканың емдік қасиеті барын мойындаса, Гомер жағымсыз эмоциялармен күресуге музыканың көп көмегі барын айтқан. Музыка адамның интеллектуалдық деңгейіне, табысына, әлеуметтік жағдайына қарамастан кімге болса да, қатысы бар. Музыка терапиясы ересек адамның, балалардың жүйке жүйесінің шаршауы мен қажуын, көңіл-күйін ретке келтіру мақсатында қолданатын психотерапия әдісі. Балаға музыка арқылы жағымды әсер етудің өзіндік әдіс-тәсілдері бар. Бұл әдісті белгілі бір жүйемен қолдана білу аса маңызды. Ол үшін баланың жас ерекшелігі, дәл сол сәттегі жағдайы, психикалық өзгерістері, оның себептері туралы мәліметпен таныс

болу шарт, әйтпесе, кез келген жағдайда музыка терапиясын қолдану өз нәтижесін бере бермейді. Музыка арқылы балаға психологиялық әсер етуде әуенді үш түрлі сипатта қолдану керек:

- тыныштандыратын әуендер;
- жігерлілік тудыратын әуендер;
- босаңсытуға арналған әуендер.

Психологтардың айтуы бойынша, музыканың керемет күші баланың физикалық және психикалық дамуын нығайтуда, әрі жақсы нәтижелерге жеткізуде өзіндік мәні бар. Ал түрлі музыкалық терапияның әдістерін ойынмен байланыстыра отырып және психотерапевтік техникаларды қолданса әсерлері жоғарылайды [1].

Музыкалық терапия – ақыл-ой мен эмоциялық әрекетке байланысты ауруларды емдеудің түрі. Музыканың емдік күші ежелгі түріктерге, египеттіктерге, үндістерге, қытайларға, парсы, гректерге мәлім болған. Әуен арқылы адам психикасына оң әсер етуді музыкалық терапия деп те атайды. Музыкалық терапия сөзін қазақшаға тікелей аударғанда «музыкамен, әуезбен емдеу» деген мағынаны білдіреді. Музыкалық терапия жүздеген жылдар бойы өнер адамдар үшін әуезден, әуеннен ләззат алу көзі болды, ал өнердің көмегімен емдеу салыстырмалы түрде жаңа құбылыс болып табылады.

Музыка адамның денсаулығына, санасына, тәртібіне ықпал етеді. Музыкалық дыбыстар адамның ағзалары мен жасушаларына да үлкен әсер етеді. Музыкалық дыбыстар адам ағзасына, жасушаларына үлкен әсер тигізіп, түрлі дыбыстардан адам ағзасында үлкен энергетикалық алаң пайда болады. Яғни, олар айналадағы кеңістіктегі қозғалыстарды тудырады. Ал біз сол энергияны қабылдаймыз және біздің ағзамызға әсер етеді [2].

Музыкалық терапияның элементтерін дамытушы-түзетуші тренингтер кешенімен бірге байланыстыра отырып, оқу-тәрбие процесінде жүйелі түрде ұйымдастырып қолданып отырса жеке тұлғаның интеллектісін дамытуда үлкен жетістікке жетуге болады.

Өйткені музыкатерапияның жоғарыда көрсетілген қызметтерінен бөлек, төмендегідей қызметтерді атқарады:

- психодиагностикалық;
- психопрофилактикалық;
- психокоррекциялық.

Аталған терапияның диагностикалық ерекшелігі ол адамның психикалық қасиеті мен күйін көптеген әдіс-тәсілдері арқылы сандық сипатта бағалайды және нақты сапалық тұрғыда талдайды. Соның нәтижесінде, адам психологиясының көрінісі туралы дұрыс болжамдық мәлімет беретін ізденіс аумағы болып табылады. Музыка терапияның психопрофилактикалық қызметі – адамның өмірінде кездесетін қиын-қыстау кезеңдердің салдарынан пайда болатын, адам психикасына кері әсерін тигізетін жағымсыз психикалық жағдайларды көптеген әдіс-тәсілдердің көмегімен анықтай отырып, алдын алу болып табылады [3].

Музыка тыңдаудың бірнеше қызметі бар. Музыка жаңаша білім береді, қажетті көңіл-күйге бөлейді, шығармашылық ісіне шабыт береді, сабасына түсіреді және ісіне шабыт береді, күрестерге рух береді, жұбатады, көңілін аулайды және тәрбиелейді. Музыка музыканттар мен музыка тыңдаушылар арасында байланыс орнатып, алуан сезімдерді шығарады [4].

Музыка біздің өмірімізге, балалардың жан-жақты қалыптасуына қатты әсер етеді. Балалардың шығармашылық қабілетін музыка терапия арқылы дамытуда тәжірибелік жұмыстары мен мектепте қажетті білім алу, тәжірибе жинақтау, шығармашылық белсенділік пен қызығушылықты қалай ұйымдастыруға болады? Бұларсыз оқушылардың музыкалық шығарманы тыңдатып үйренуге, аспазы игеруге деген ынта-ықыласын ояту мүмкін емес. Мемлекеттік тілде оқитын мектеп балаларымен жұмыс істеу барысында ұлттық

музыкалық мәдениетке баса назар аударғанымыз жөн. Классикалық музыка үлгілерін, басқа да көркем, тартымды, әсерлі шығармаларды пайдалану баланың эстетикалық тәрбиесіне әсері мол. Балаларға шығарманы тыңдату, ойнату жұмысы төрт бағытта жүргізілуі қажет. Олар: тыңдау, орындау, сүйемелдеу және шығарманың көркемдік келбетін анықтау. Бұл бағыттар негізінен бір-бірімен байланыста. Бастапқы жұмыс кезеңі. Балалар дыбыс бояуы, ауқымы (регистрі) жағынан әр түрлі аспаптарда «Елім-ай» әнінің шағын, зарлы да әсерлі, сонымен қатар, бейнелі әуенін күй таспадан тыңдайды, келесі этапта орындайды. Әнді үйрену барысында өзге тәсілдер де қолдануға болады. Мысалы: Оқушылардың бір бөлігі ән салса, келесі жартысы белгілі бір аспапта әуен-сазын ойнап, сүйемелдеуі мүмкін. Бұл ретте баян аспабы өте қолайлы. Халықтық музыкамен қатар музыкалық терапия жүргізу барысында музыкалық аспаптарды да қолдану арқылы тәрбие үрдісіне және мінез-құлық, адам дене мүшесіне әсер етуге болады. Бұл-балалардың шығармашылық қабілетінің белсенділігін қалыптастыруға бағытталған жұмыстың бастапқы кезеңі. Жоғары сыныптарда үшін «Елім-ай» әнін жобалы түрде нотаға түсіріледі. Ол үшін ең бірінші, оқушының алдына әнді тыңдап, халық әнінің шығу кезеңін анықтау міндеті қойылады. Бұл талабы оларды терең ойға жетелейді. Оқушылар алуан түрлі болжамдар мен ұсыныстар айтады. Бүкіл сынып болып осы ойды жан-жақты талдағаннан кейін оқытушының көмегімен «Елім-ай» әнінің XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы кезінде шыққаны айтылу керек. Екінші сатысында оқушылар әнді толық үйренуге көшті. Алғаш балалар бірте-бірте жоңғарлар, артынан қайта орнына түсетін «Елім-ай» әуенін толық айтуға дағдылыланады. Сол негізде шығарманың құрылымы орындаушылық еркешеліктері тұтас қамтылған соң, музыка аспабының сүйемелдеуімен қайта айтылып, ептеп өңдеу, көркемдеу, құбылту тәсілдері қолданылды. Ән музыкалық аспапта ойналып, соңынан толығымен айтылып пысықталады. Осы жұмыс барысында оқушылар әуенді жатқа орындап, кейбіруі мұғалімнің көмегімен *C – moll* әуезіндегі алғашқы ноталарды атап айту шарт. Осылайша оқушылар музыка тыңдау барысында мына дағдыларды: а) қарапайым музыкалық шығарма сипаттарын айқындауды; ә) басқа баланың ән айтуын, аспапта орындауын тыңдауды; б) тыңдағанын талқылап, одан қорытынды жасауды; в) естіген әуенін аспапта қайталауға; г) өздері талдаған әнді есіне сақтап, қайталауды меңгереді.

Осы әдістер оқушыларды еркін тәрбиелеу мен тиімді оқытудың қомақты бөлшегі болып табылады. Халық әндері, музыкасы – рухани қазына, таусылмас тәрбие бұлағы. Кез-келген оқу-тәрбие жұмысы сол мәдени – музыкалық мұрамызға негізделуі шарт. Мектептегі музыка сабағында оқушыларды әсемдік әлемінің таңғажайып сырын терең түсініп көркемдік аталуына, музыканы тыңдағанда шынайы сезінуге, одан рухани ләззат алуға, өмір жолы ой толғауға ізгілікті мұрат-мақсаттарға жетелеп өнегелі істерге баулиды [5].

Қорытындылай келе музыкалық терапияның негізгі мақсаты – уайым, қобалжу, түңілу сынды теріс сезімдерді санадан шығарып жіберіп, оның орнын жағымды эмоцияларды ендіру. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін көркем музыкалық шығармалар қолдану тиімді болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Бапаева Г. Музыкалық терапияның адам психикасына жағымды әсерлері // Жантану мәселелері, 2005, № 4 (20), Б.17-20
2. Киселева М.В. Арт-терапия в практической психологии и социальной работе. СПб.: Речь, 2007, 336с.
3. Халабузарь П., Попов В., Добровольская Н. Методика музыкального воспитания. М.: Музыка, 1990, 87с.
4. Ченемисова Л. Музыка адамның жан арқауы // Жантану мәселелері, 2013, № 5, Б. 13-17
5. Сүлейменова Б. Музыка сабағында оқушылардың шығармашылығын дамытудың тиімді

жолдары. Шығармашылық мамандықтардың кәсіби педагогтарын дайындаудың тиімді бағыттары» атты халықаралық ғылыми практикалық конференциясының материалдары. Шымкент, 2009, Б.55-57

Аннотация

Данная статья посвящена использованию музыкальной терапии в работе с детьми. Музыка играет важную роль в формировании творческих ребенка, развитии его интеллекта, мировоззрения и широкого кругозора.

Известно, что лучшие образцы классической и народной музыки несут в себе высокое гуманистическое начало. Поэтому ее прослушивание и исполнения способствует развитию лучших человеческих качеств, формированию нравственных и моральных ценностей.

Кроме того, музыка способна лечить. Ее с успехом использует для релаксации, снятия физического и эмоционального напряжения, улучшения физического и психического состояния человека. Учитель - музыкант может применять музыкальную терапию для улучшения эмоционального состояния, обретения ребенком спокойствия и уверенности в себе. В работе с классом грамотное использование музыки может привести к повышению успеваемости, нормализации морального климата, улучшению взаимоотношений между детьми и.д.

Abstract

This article is devoted to the use of music therapy in the working with children. Music is very important for the formation of the creative abilities if the child the development of his intellect worldview and broad outlook.

As it is known, the best examples of the classical and folk music have a high humanistic content. Therefore, its listening and performance contributes to the development of the best human qualities and the formation of moral values.

In addition music can to make treatment. It is used for relaxation stress management improvement of physical and emotional state of the human .Music teacher can apply the music therapy to improve emotional state finding a child the silence calm and confidence. The proper use of music in the working with a class can lead to an increase in academic performance normalization if the moral condition improving the relationships between children etc.

ӘОЖ 746.022

Д. Әлімбаева, Ғ. Мұратбаева, Қ.А. Жолдасбекова

магистрант, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
магистрант, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
п.ғ.к, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

ҰЛТТЫҚ КИІМ ҮЛГІЛЕРІН ПРЕТ А ПОРТЕ СТИЛІНДЕ ЖАҢҒЫРТУ

Түйін

Ұсынылған мақалада ұлттық киіміміздің тарихын бізден кейінгі жастарға баяндаумен қатар, қазіргі заманауи прет а порте стилінде тігілген ұлттық киім үлгілерін сәнге айналдыруға бағдарлау жайында сөз қозғаймыз. Еліміздің құндылығы ұлттық киімдерімізді естен шығармай жаңғырту, біздің және бізден кейінгі жас ұрпақтың қолында. Қазіргі кезде жаңа ғасырдың заманауи көзқарастарына сәйкес, ұлттық киімдерімізді өз талғамымызға сай өңдеуді сәнге айналдыруға аяқ бастық десек те болады. Ең бастысы ұлттық киіміміздің түбірін сақтау басты мақсатымыз екенін ұмытпағанымыз жөн. , Қазіргі таңда Қазақстанда прет а порте стиліндегі киім үлгілері көптеп шығарылуда. Соның ішінде, ұлттық киімдерімізді прет а порте стилінде жаңғыртып, күнделікті өмірде, кештерде сәнге айналдыруға ат салысқан дизайнерлеріміз де жетерлік. Осыған қарап, ұлттық киімдеріміздің заман ағымына сай сәннен қалмайтындығына, ұмытылмайтындығына көз жеткіземіз.

Кілттік сөздер: Ұлттық киім, Прет а порте, ұлттық стиль, заманауи жаңғырту

Киім – адамның денесіне киюге арналған бұйым, жасанды жамылғы түрлері. Киім адамды қоршаған ортаның, табиғаттың түрлі әсерлерінен қорғайды. Адам қоғамының дамуына, жаңа тарихи қоғамдастықтар пайда болуына байланысты адам киімі де түбірімен өзгеріп отырады.

Сән – киім кию мәдениеті. Қазіргі сәнді демократияшыл деуге де болады, себебі қазіргі таңдау идеясы мен еркіндіктің көптігімен, яғни әртүрлі стильдерімен, пішіндерімен, үлгілерімен, көлемдерімен және алуан түсті гаммаларымен ерекшеленеді. Қазіргі сәнде екі бағыт айрықша көзге түседі: ол – ретроспективалы (өткенге бағытталған) және перспективалы (болашаққа бағытталған).

Сәнде маңызды ұғымдардың бірі – стиль.

Стиль – (stylios деген грек сөзі) – мәнер, сипат, ерекшелік деген мағына береді. Сонымен қатар стиль сол дәуірдің мәдениетін, сұлулық туралы түсінігін, қоршаған ортаға қарым-қатынасын көрсететін тұрақты, анық, ерекшеленген дәуір тілі. Киімде бірнеше: классикалық, спорттық, романтикалық және фольклорлық стильдер болады [1].

Прет а порте – көпшілікке арналған киім стилі. Әр жыл, әрбір маусым сайын дизайнерлер сән үлгілерін ұсынып жатады. Солардың бірі – прет а порте. Бұл француз тілінен алынған pret a porter «дайын көйлек» деген мағынаны білдіреді. Дәл осы сән көрсетілімін сән әлемінің майталмандарынан бастап, қарапайым халыққа дейін күтеді. Себебі дизайнерлер стандартты өлшемге арнап, киімдер әзірлейді. Бұл көрсетілім екі бағытта әзірленеді: кәдімгі pret a porter және pret a porter de lux. Соңғысы өте қымбат, сапалы материалдан тігіледі. Оның бағасы біріншісіне қарағанда қымбатырақ болады. Алайда жаңалық ішкен асын жерге қоятын сәнқойлар үшін әйгілі дизайнердің қолынан шыққан бұйымға ақшасын шашу түк те емес. Мұндай көрсетілім алғаш рет өткен ғасырдың 50-ші жылдарынан басталды. Осы күнге дейін жалғасын тауып келеді. Осындай сән көрсетілімдері өткеннен кейін киім тігетін фабрикалар ұсынылған жаңалықтарды, кейбір сәнді детальдарды ескере отырып, киімдер тігіп, халыққа ұсынады. Сіз де өзіңізге ұнаған сән үлгісін жергілікті жердегі ательеге барып тіктірсеңіз болады. Мұның бір артықшылығы тігінші киімді сіздің дене сымбатыңыздың ерекшелігіне сәйкестендіріп дайындайды. Әрі сымбатты, әрі сәнқой ару болып шыға келесіз! Біздің елімізде де pret a porter, Haute couture және өзге де бағыттағы сән көрсетілімдері маусым сайын ұсынылады. Қазақстанның Қ.Нұрқаділова, А.Кауменова, О.Корби, А.Бапани, С.Асанова, С.Азихан, А.Қасымова секілді дизайнерлері тек елімізде ғана емес, алыс-жақын шетелдерде де танымал.

Бірнеше лицензионды көшірме шығарып, көпшілік халықтар үшін жоғарғы мода үлгілерін шығаруды көздеген модельер Чарлз Ворт прет а порте стилінің негізін салды. Ол өзінің киім үлгілерін әлемдегі барлық ірі дүкендер мен ательелерге сатып отырды. Жаңа прет а порте стилі бойынша дайын киім индустриясы төмен сортты арзан продукциядан немесе жартылай фабрикалардан, күрделі әрі сан алуан образды интеллигенцияға арналған киім үлгілеріне дейін өсті.

Прет а порте индустриясының дамуы барысында киім фабрика немесе универмаг жүйесі маркасымен шығарылса, оның даму өлшемі бойынша көйлектер әр түрлі болды және оның авторы – дизайнері пайда болды. 20-шы жүзжылдықтың соңғы тоқсаны, әсіресе 90-жылдары көптеген фирма атаулары, мода ағымында және прет а порте дизайнерлерінің аттарын саусақпен санауға болмайтындай көп еді. Сол сияқты халыққа ұсынылған киімнің стиль түрі де өте көп болды. Қазіргі заман модасында әр сөйлемге контр сөйлем табуға болады. Көп уақыт бойы сапа көрсеткіші және киім құрамдас бөлік делінген. Мода диктаты енді жоқ десекте болады. Осыған байланысты мода әлемінде барлығына таңдау еркіндігі пайда болды [2].

Ойланып ойға кеттім жүз жылғы өткен,
Тон қабаттап, кигенім – шидем шекпен.
Жейде – дамбал ақ саңсаң, жарғақ шалбар,
Жырым балақ матамен әдіптеткен.

Күлпара басымда, пұшпақ тымақ,
Ішкі бауын өткізген тесік құлақ.
Тобылғыдан кесіп ап,жіппен қадап,
Артын бірге қыстырған бар құрысқақ.
(Абай)

Халқымыздың ұлттық киімі – мәдени мұрамыз. Ұлттық киіміміз әлем халқының алдында ұлтымыздың ерекшелігін танытады, өнерімізді паш етеді. Ұлттық киімімізді өнер туындысы деп қарасақ та болады. Ол атадан балаға мирас болып келе жатқан байлығымыз. Ендеше ұлтымыздың бет-бейнесі болып саналатын ұлттық киімімізді қастерлеу, дамыту біздің еншімізде.

Қазақ халқының ұлттық киімі мен қолөнерінің қалыптасуына елдің экономикалық сауда-саттық, климаттық және әлеуметтік жағдайлары мен діни сенімдері әсер етті. Онда халықтың әсемдік талғамы, өмір салты, өткендегі әлеуметтік хал-ахуалы айқын сезіледі. Пішімі қарапайым болғанымен, дала жағдайына ыңғайлылығымен, сан алуан әшекейлерімен ерекшеленеді. Қазақ халқы киім-кешек тігуге әуелде Үндістаннан әкелінген шыт, батсайы, мәуіті маталары Қытайдан әкелінген жібек матаны, Италиядан әкелген барқыт матасын, Англиядан әкелген шұға маталарын пайдаланған. Бұл маталарды Оңтүстік Қазақстан арқылы өткен көне «Жібек жолы» торабында айырбас саудамен алып отырған. Дегенмен қазақ жерінде жүн маталары тоқылғаны бізге белгілі [3].

Жалпы 19-ғасырдағы қазақ ұлттық киімдері мынадай бөліктерге бөлуге болады. Қазақ киімдері іштік, сырттық, сулық, біркиер делініп төрт топқа бөлінеді. Іштік киімдерге: көйлек, дамбал, желетке, камзол, кәзекей жатса; сырттық киімдерге: шапан, күпі, тон,шиделі; сулық киімдерге: шекпен, қаптал, шапан, брезент, кебенек, кенеп, сырттық жатады. Бір киер киім деп қымбат маталардан әшекейленіп тігілген, той-думандарға, жиын-топтарға барғанда, жат елге сапарға шыққанда киетін сәнді киімдерді атаған.

Қазақ әйелдерінің ұлттық киімі, негізінен, көйлек, кимешек, жаулық, сәукеле, желек, тақия, камзол, кәзекей, кебіс-мәсі, көкірекшеден тұрады. Әшекей, ажар жағынан төрт топқа арналып тігіледі. Олар қыз киімдері, келіншек киімдері, орта жастағы әйелдер мен бәйбішелердің киімдері. Қыз киімдері кеуделері тар, қынамалы, жең, кеудесі жас ұлғайған сайын неғұрлым етекті, кең, мол қаусырмалы бола түседі [4].

Қыздардың бөріктері алқалармен және төбесіне үкінің, көк құтанның немесе тотының үлпек қауырсындары тағылып сәндендіріледі. Қыздардың құндыз, кәмшат терісімен жиектелген бас киімдері “кәмшат бөрік” деп, алтынмен кестеленгені “алтын бөрік”, маржандармен әшекейленгені “қалмаржан бөрік” деп аталды. Барқыттан немесе қамқадан тігілген жаздық жеңіл бас киім – “тақия” үкінің үлпек қауырсынымен, күміс және алтын кестелермен әшекейленді. Әйелдердің бас киімдері арасынан неғұрлым өзіндік сән-салтанатымен ерекшеленетін қыздардың тұрмысқа шығардағы бас киімі – сәукеле болды. Төбесі үшкірленіп, биік етіліп тігілетін ол алтын және күміс тиындармен, інжу-маржандармен, алқалармен безендірілді. Алғашқы нәрестесі дүниеге келісімен жас әйел ақ матадан тігілетін бас киім – кимешек киген [5].

Қорыта келе айтарымыз, қазіргі таңда Қазақстанда прет а порте стиліндегі киім үлгілері көптеп шығарылуда. Соның ішінде, ұлттық киімдерімізді прет а порте стилінде жаңғыртып, күнделікті өмірде, кештерде сәнге айналдыруға ат салысқан дизайнерлеріміз де жетерлік. Атап кетсек: Камила Құрбани, Ая Бапани, Құралай Нұрқаділова, Медина Сақтағанова сынды талантты дизайнерлер әр маусым сайын сәнқой халқымызды қуантудан жалықпайды. Осыған қарап, ұлттық киімдеріміздің заман ағымына сай сәннен қалмайтындығына, ұмытылмайтындығына көз жеткіземіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Жолдасбекова С.А. Костюм композициясы: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2007, 235б.
2. Тәкішева Г.Ә, Асанова Б.Е. Киімді модельдеу және көркемдік безендіру: Оқулық. 2-басылым. Астана: Фолиант, 2012, 160 б.
3. Жолдасбекова С. А. Костюм тарихы: Оқу құралы. Алматы: Издат Маркет, 2006, 208б.
4. Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі: / Ғылыми каталог. Алматы: Өнер, 2009, 143б.
5. Жолдасбекова С.А. Киімді көркемдеп сәндеу: Оқу құралы. Шымкент: ОҚМУ шағын баспаханасы, 2003, 123 б.

Аннотация

В данной статье мы говорим о том, что история нашей национальной одежды не только расскажет молодежи после нас, но и ориентируется на превращение в моду национальной одежды, вышитой в современный стиль прет а порту. Ценность нашей страны заключается в том, чтобы не забывать о национальной одежде и потомстве нашего молодого поколения. В настоящее время, в соответствии с современными взглядами нового века, можно сказать, что национальная одежда превратилась в моду, чтобы сделать свою собственную отделку. Но самое главное, мы не должны забывать, что сохранение корня национальной одежды является главной задачей. В настоящее время в Казахстане выпускается большое количество образцов одежды в стиле прет а порте. В том числе, у нас есть дизайн, который делает нашу национальную одежду в стиле прет а порте и делает моду в повседневной жизни, на вечере. В связи с этим, мы убедимся, что национальная одежда не останется и не будет забытой.

Abstract

In this article we say that the history of our national dress will not only tell the youth after us, but also focuses on the transformation into fashion of national dress, embroidered in the modern style of pret a Porto. The value of our country is not to forget about the national dress and the offspring of our young generation. Nowadays, according to the modern views of the new century, it can be said that the national dress has become a fashion to make its own decoration. But most importantly, we must not forget that the preservation of the root of the national dress is the main task. Currently, Kazakhstan produces a large number of samples of clothing in the style of pret a port. In particular, we have a design that makes our national clothes in the style of pret a port and makes fashion in everyday life, at the evening. In this regard, we will make sure that the national dress will not remain and will not be forgotten.

УДК 808

Р.Ш. Байдуллаева, Н.Б. Айнабеков

старший преподаватель, Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова,
Шымкент, Казахстан

магистр, старший преподаватель, Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова,
Шымкент, Казахстан

БЛАГОПОЖЕЛАНИЯ И ПРОКЛЯТИЯ КАК ЯЗЫКОВАЯ УНИВЕРСАЛИЯ (контрастивно-прагматический анализ)

Аннотация

Статья посвящена исследованию одной из проблем речевой коммуникации – жанровой организации речи, которая привлекает внимание многих лингвистов. На данном этапе развития прагмалингвистики плодотворной представляется идея сравнительного анализа с целью исследования их коммуникативно-прагматических характеристик.

Единицами анализа выступили, прежде всего, формулы речевого этикета, представляющие собой устойчивые клишированные фразы и употребляемые в стандартных ситуациях общения — благопожелания, с другой стороны - проклятия, представляющее собой негативное оценочное высказывание. Проклятия являются противоположным благопожеланиям по своему содержанию жанром, хотя по форме у них есть и общие элементы. Проклятия - это те же пожелания, но пожелания не хорошего, а плохого.

Цель работы представить комплексный прагмалингвистический анализ вербальных выражений, благопожеланий и проклятий в русском и казахском речевом общении. В статье представлены тематические классификации благопожеланий и проклятий. Рассмотрены различные речевые ситуации, в которых употребляются эти речевые формулы. Особое внимание уделяется функциям, которые могут выполнять данные формулы, а также выбору используемых при этом выражений.

Рассмотренные примеры дают основание утверждать, что благопожелания и проклятия являются языковой универсалией с собственным семантико-функциональным статусом среди всех типов устойчивых единиц языка.

Ключевые слова: лингвопрагматика, речевой акт, контрастивная прагматика, ситуация, речевой этикет, стратегия, тактика, благопожелания, проклятия, интенция, межкультурная, коммуникация, сигнификат.

Появление во второй половине XX века лингвопрагматики, социалингвистики, этнопсихалингвистики, межкультурной коммуникации, лингвокультурологии и некоторых других направлений, положило начало сопоставительным исследованиям в области функционирования единиц речевого этикета.

В поле зрения ученых попадают новые стороны изучения языковых явлений, что обусловило внимание специалистов к социально-интерактивному характеру языкового общения и контекстной обусловленности речевой деятельности.

Таким образом, в фокусе внимания исследователей оказались феномены: речевой акт, интенция говорящего, речевое воздействие, проблемы взаимодействия коммуникантов, особенности речевой ситуации, причины коммуникативных неудач, коммуникативные стратегии и тактики разговорной речи (работы Н.Д. Арутюновой, Т.В. Матвеевой, Г.Г. Почепцова, М.Ю. Федосюка, Т.В. Шмелевой и других лингвистов). [1,2,3,4].

Прагматические исследования, осуществляемые в рамках коммуникативно-функционального подхода к изучению языка, ставят своей задачей анализ функционирования языковых единиц в речевых актах. Это единицы речевого этикета, предназначенные выразить межличностные отношения и чувства, смысл которых не сводятся к

непосредственному содержанию этого действия, а выражают определенную установку по отношению к участнику коммуникации, определенной социальной группе и окружающему миру. Речевой этикет - неотъемлемая часть любой национальной культуры. Существующая в каждом языке система норм и правил социального речевого поведения предполагает по-разному воспринимать явления окружающей действительности и по-разному отбирать языковые средства для их наименования [5].

В данной статье анализу подвергаются речевые акты благопожеланий и проклятий на материале двух языков (русской и казахской) с точки зрения их контрастивной прагматики.

Средства выражения благопожеланий входят в область речевого этикета, и овладение ими является важной частью межкультурной коммуникации. Проклятия, являясь яркими образцами организации текста в соответствии с прагматикой высказывания, выполняет существенную роль в организации или дезорганизации социального взаимодействия. Строго говоря, благопожелания и проклятия — двуединый феномен, существующий в языке, функциональное назначение которых заключается в прагматической нацеленности первого на установление и поддержание психологического комфорта при общении, тогда как функция проклятий заключается в том, чтобы вызвать у оппонента негативные чувства, причинить ему моральный урон, снизить уровень его самооценки. Благопожелания и проклятия – это проявление языкового феномена, которое предстает не как часть и целое, как равные части общего для них целого; двуединства функции, т.е., с одной стороны – благопожелание укоренено и органически связано с этикетом, с другой стороны — проклятие выполняет в речи эмоционально-экспрессивную функцию, чем коммуникативную. И так как они находятся в диалектическом единстве, то и рассматривать их в неразрывной связи, на наш взгляд, вполне обоснованно. Противоположность этих признаков друг другом кажется само собой разумеющейся, которая предстает в языке как одна из важнейших антиномии, определяющих саморазвитие языка.

В связи с этим назревает необходимость изучения данных речевых актов в контрастивно-прагматическом аспекте. Обращение к контрастивной лингвистике в таком научном контексте приобретет объяснительную силу; контрастивно-прагматический анализ благопожеланий и проклятий позволит определить те яркие национально-культурные особенности данных речевых актов.

Фактическим материалом исследования послужили фразеологические единицы со значениями благопожеланий и проклятий, извлеченные из словарей: Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка: В 4-х т.; Балакай А.Г. Словарь русского речевого этикета; Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі.; Кожахметова Х.К., Жайсакова Р.Е, Кожахметова Ш.О. Казахско-русский фразеологический словарь.

Благопожелания – это речевые высказывания с коммуникативным намерением пожелания какого-либо блага в чей-либо адрес. Эта группа устойчивых формул, именуемых исследователями как «стереотипы», «шаблоны», «атрибуты общения» или «стандарты учтивости», представленные как жанр фольклорного творчества в любом традиционном обществе, которые построены на основе фразеосхемы с неразложимым опорным компонентом и имеющие свои специфические особенности. [6].

Каждое благопожелание приурочено к определенным жизненным ситуациям: приветствие, прощание, напутствие, поздравление, сочувствие, выражение благодарности и т.д. Реально каждый из них представлен большим числом речевых актов, связанных с типовой жизненной ситуацией. Актуализация соответствующих благопожеланий в этих ситуациях, как правило, не только желанна, но и обязательна: без этого не может быть создана психологическая база согласованных действий.

Можно привести ряд приветственных русских благопожеланий, например, когда человека застают за каким-нибудь делом, желают: Бог помощь! Сила тебе в плечи! Весело

работать! Навстречу гонят корову с поля: сто тебе быков, пятьдесят мерингов на речку шли да помыкивали, а с речки шли— побрыкивали. Женщину, идущую полоскать белье, привечали коротко: Беленько! Той, которая воду черпает: Свеженько тебе! Охотнику желали: Ни пуха, ни пера, а целый журавль в кошель! Хозяйку заставляли за стряпней, желали: Скачки на сковороду! Женщине, сбивавшей масло, желали: Ком масла! Привет молотильщикам: По сто на день, по тысяча на неделю!

Во всех случаях за сами благопожелания в ответ благодарили, т.е. также желали: Спаси бог! Спасибо! Дай бог тебе доброго здоровья! Или существовали определенные ответные реплики. Продемонстрируем это на примерах: Рыбаков приветствовали: Клев на уду или Улов на рыбу! Ответ: Навар на ушицу! Если заставляли за доением коровы, то желали: Море под буренушку! На что благодарно отвечали Река молока! или еще нежнее и лучше Маслом цедить, сметаной доить! Ткачиху приветствовали, желая: Спех за стан или Шелк да бумага! Ответ: Что застала на уток, то тебе на платок! Торговца приветствовали: Бог за товаром! или С прибылью торговать! Ответ: Дай бог в честь, да радость! Месящей хлеб, желали: Спорынья в квашню! Ответ: Сто рублей в мошну!

В ситуации поздравления, благодарения, прощания в русском языке употреблялись такие традиционные благопожелания, как: Дай бог износить обнову, да лучше нажить её (поздравления с новой одеждой); Дай бог вспоить, вскормить, богато запоручить (поздравление с новорожденной дочерью); Сколько в поле пеньков, столько вам сынков, а сколько кочек, столько дочек (пожелание иметь много детей); Дай море, с берегом ровно, доньшко серебряно! (ковш с пивом и монетой; свадебный тост). При прощании, желают: Путь вам чистый! В добрый час! Никола в путь, Христос по дорожке! (отплывающим на судах). В святой час, да в архангельский!

В ситуации благодарения: Сколько в поле пеньков, столько вам сынков, а сколько кочек, столько дочек (пожелание иметь много детей); Дай море, с берегом ровно, доньшко серебряно! (ковш с пивом и монетой; свадебный тост). Сто рублей на мелкие расходы! (пожелание иметь много денег); Всем бы денежкам вашим покатоком со двора, а на их место сто на сто! (пожелание иметь много денег); Хлеб да соль! (пожелание достатка).

Воспринимая явления действительности и констатируя о нем, субъект одновременно может выразить и свою оценку, где эмоциональная реакция выражения чувства объекта возникает на базе оценивания ситуации.

Для русского народа одной из важных деятельности является, как известно сельское хозяйство. Роль и значение его отразились в следующих благопожеланиях: С двумя полями сжатыми, с третьим засеянным! (поздравление с хорошей жатвой); Из колоса ослина, из зерна коврига! (пожелание хороших урожаев); Уроди бог хлеба солома в оглоблю, колос в дугу, зерно в напалок (то же самое).

Как видим из приведенных примеров, во всех случаях ситуация очерчена, где коммуниканты исходят из собственной потребностно-мотивационной сферы, т.е., при решении поставленной перед ними задачи действовать на уровне сложившихся в их сознании стандартов и стереотипов.

В казахском языке, благопожелания – алғыстар, баталық сөздер – основа основ идеального образа межличностных отношений, своего рода первоэлемент традиционных принципов взаимного обхождения: уважения старших, гостеприимства, и, наконец, поддержания разговора в нужной тональности.

Благопожелания в традиционной культуре казахов – довольно значительный по объему и весьма своеобразный по содержанию список речевых актов вербальной активности.

Так, например, в ситуации приветствия, которые приурочены к разным жизненным обстоятельствам, употребляются следующие казахские благопожелания, при встрече человека, пасущего скот, желают: Бағар көбейсін! (пусть умножится пасущийся скот); Айдар

көбейсін! (пусть умножится поголовье скота). Тому кто поит скотину: желают: Қауға сүтті болсын! (пусть ведро наполнится молоком); Во время дойки коров, кобыл; Сауар көбейсін!(пусть умножится дойный скот). Во время стрижки овец: Қырқар көбейсін! (да приумножится скот). При заготовке сена: Қол қуатты болсын! (да будут сильны ваши руки). Во время засева: Дихан дарысын! (пусть посевы будут плодородными). На току приветствовали: Қызылың қырдай болсын! (пусть будет полным ток); Во время торговли приветствуют: Мал базарлы болсын! (пусть твоему скоту будет хорошая цена). Во время охоты желали: Қанжығаң кан болсын! (Пусть будет жирной твоя добыча). При забое скота: Сояр көбейсін! (пусть будет больше убойного скота). Во время изготовления кошмы: басар көбейсін! (пусть будет шерсти для кошмы).

Біз адамның қалай күлімсірегенін көрмесек те, ол телефонмен сөйлескен кезде оның

күлімсіреп тұрғанын немесе оның көзі күлімдеп, жан-жағына шуақ шашып тұрғанын сезіне аламыз. Сондықтан күлімдеудің орасан зор күші бар. Сізбен әңгімелесушінің өзіңізді оң қабылдауының негізін оны тыңдап отырған кезде әншейін бас изеу, күлімсіреу арқылы қалауға болады. Сіз дәлізде біреудің қасынан өтіп бара жатқанда күлімдеу сөз алмасудан маңыздырақ болуы мүмкін. Осы кішкентай ғана қимылдар тыңдаушының сіздің сөздеріңізді қабылдауын сол сәтте-ақ ұлғайтады.

Өзгерістерге апаратын қадамдар

1. Күлімдеу
2. Көзбен байланыс жасау. Топта барлық адамдармен бөлмеде отырып, байланыс орнатудың мәні зор.
3. Бас шұлғу.

Қолдар

Мұғалімдерге, ұйымдастырушылар мен спикерлерге арналған ортақ кеңес бар. Сөз сөйлеген кезде қолды пайдалану керек, егер де оны ақылмен пайдалана білсе, бұл тамаша кеңес. Әрбір қимыл бір нәрсені білдіруге тиіс, әйтпесе әрбір қозғалыс сіздің сөздеріңізге сәйкес келмей және аудиторияны, әсіресе көру арқылы есте сақтайтындарды, сіздің айтып тұрғаныңыздан аландатып, проблема тудыратын болады.

Өзіміз құратын ортада, өз мақсаттарымызға қол жеткізуде және өзіміз қалыптастыратын қатынастарда өз денемізді игере алудың маңызы зор. Өз жұмысыңызды жаңа деңгейге көтеру үшін қарым-қатынас жасаудың 55 пайызына басым назар аударыңыз. Бүкіл әлемде 50 000-нан астам адам Кевиннің мінез-құлық бағдарламаларына қатысқан [6].

Дирижердың қолы музыканттарға анық көрінуі шарт. Бұл оркестрмен жұмыс жасауда үлкен роль атқарады. Себебі дирижерлауда оң қолмен шығарманы тактілейді ал сол қол динамика мен түрлі белгілерді көрсетуде қолданылады. Музыканттарының саны көп үлкен оркестр дирижерлары қолының барлық оркестрантқа түсінікті болуы үшін дирижерлық таяқшаларды қолданады. Содан да болар дирижерлар байқауларында таяқша тіркесі өте көп қолданылады. Мысалы: М.Төлебаев атындағы Республикалық «Алтын таяқша» дирижерлар байқауы, Маңғыстаудың тұңғыш кәсіби дирижеры Боздақ Рзаханов атындағы Республикалық «Сиқырлы таяқша» байқауы т.с.с.

Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық опера және балет театрының бас дирижеры Нұрлан Жарасов Айқын газетіне (№35 1702 24.02.2011) берген сұхбатында дирижерға таяқша не үшін керек? деген сауалға берген жауабында таяқшаны дирижердың қолының жалғасына теңеп, оның жеңіл болуы, оркестранттарға анық көрінуі керектігін, таяқшаның ритм беруде, өзге де белгілерді көрсетуде қолданылатынын және көп жағдайда оң қолда ұсталатынын (егер солақай болмаса) айтқан еді [7].

Дирижерлық таяқша деген не?

Дирижерлық таяқша – оркестрді басқару ісінде дирижердың қолданатын құралы. Дирижерлау ісінде ХІХ ғасырдан бері қолданылып келеді. Оған дейін баттута қолданылып келген.

Бізге қазіргі кездегі дирижелардан қолының техникасының ұнайтыны - әмбебап дирижер Мүслім Әмзе. Оның қолмен, таяқшамен дирижерлау техникасы, қазақ оркестрімен де («Отырар сазы») А.Жұбанов мектебінің оқушыларының симфониялық оркестрімен де жетекшілік ете алатын білімі, дирижерлау стилі Европаның, өзге елдердің дирижерларынан артық болмаса кем емес.

2013-2018 жылдар аралығында Құрманғазы атындағы Мемлекеттік академиялық Қазақ халық аспаптар оркестрінің бас дирижеры қызметін атқарған дарын иесі Арман Жүдебаевтың дирижерлық техникасы, қолының пластикалық қимылы бізге өте қатты ұнайды. Ол жақында ғана ұлттық арнадан көрсетілген «Ұлы дала мұрасы» атты концертте И.Штраустың «Радецкий Маршын» дирижерлағанда ауфтактыны қолындағы таяқшамен

берсе, шығарманың орта бөлімінде таяқшасыз дирижерлап, керек болса шығарманың аяқталар тұсына таман оркестранттардың арасында тұрып дирижерлап (дирижердың бұл әрекеті бізге ұнамады.) таяқшаны қолдан-қолға шебер өткізіп өнер көрсетті. Сонымен қатар Республикалық дирижерлар байқауының бірнеше дүркін лауреаты Р.Баймурзиннің де дирижерлық техникасы, қолының пластикасы көрерменді де еріксіз баурап алады.

Дирижер қолының анық көрінуі мәселесінде әйел дирижерлардың барын да ескереміз. Себебі әйел көрермендер тарапынан: «егер әйел дирижер концерке қолына моншақ немесе өзге де сәнді аксессуар тағып шығып дирижерласа болмай ма» деген сұрақ қойылуы мүмкін. Айта кететін ескерту дирижерлау барысында қолда ешқандай аксессуар болмауы керек. Біз өз көзімізбен талай рет көргенбіз, Сүгір атындағы Қазақ ұлт аспаптары оркестрінің дирижеры Ғалия Жомартова концертте де, жай ғана дайындық та да болсын ешқашан аксессуар тағылған қолмен дирижерламаған. Неге болмайды деген уәжге біздің айтарымыз: әсемдік үшін тағылған зат қолға артық салмақ түсіріп, тез шаршатады. Ал шығарманың қанша тактіден тұратындығы дирижерға ғана мәлім.

Денені тік ұстау, еркін, әдемі қозғалу, басқан қадамның анық болуы қашан да өзге адамдар тарапынан мойындалады. Бұл үшін фитнес клубты тоздырудың керегі шамалы, себебі үй жағдайында да артық уақытты шығындап әуре болмай күнде ұйқыға жатудан 1-2 сағат бұрын жаяу жүрумен, жүгірумен айналысу, дене жаттығуларын жасап тұру жеткілікті. Дирижерымыз артық салмаққа ие болса одан арылудың жолдарын қарастырып, жоспар бойынша амалдар жасауы керек. Дирижер тренажер залына жиі барып бұлшықеттерін қатайтып тастайтын болса дирижерлауда қолы еркін қимылдамай, дирижерлық техникадан айырылып қалуы мүмкін.

Белгілі журналист Дана Бахтығали жүргізетін «Топ жарған» бағдарламасында сұхбат берген дирижер, жақында ғана президенттің қабылдауында болып, Кұрманғазы консерваториясының жаңа ректоры қызметіне тағайындалған Арман Жүдебаев уақытының тығыздығына қарамастан салауатты өмір салтын ұстанатындығын, уақытын дұрыс ұйымдастырып, футболмен әуестенетіндігін айтқан еді. Артық салмақсыз дирижер сахнада әдемі көрініп қана қоймайды, сонымен қатар жұмысының тиімділігін, әсерлілігін де арттыру мүмкіндігіне ие бола алады.

Қорытынды

Дирижер қызметінің күрделілігімен, әмбебаптылығымен ерекшеленетін маман. Ол педагог, психолог, композиторлық ептілігі бар музыкант-орындаушы, әрі музыканттардың үлкен ұжымын басқаратын шебер менеджер.

Көз алдыңызға дөрекі, адам сыйлауды білмейтін диктатор дирижерды елестетіп көріңізші. Олай жасай алмасаңыз оркестрдің дайындық жұмыстарына қатысып көру керек. Оркестрант дирижер тандаған шығарманы алғашында түсінбеуі, сезінбеуі, тіптен ұнатпауы мүмкін. Дирижер музыканттардың алдында шығарма тарихын, мазмұнын, дыбыстарды, штрихтарды қалай дұрыс орындау керектігін, шығарма нюансының қандай жағдайда дұрыс болатынын орындаушыларды көп сөйлеп жалықтырмай түсіндіріп, саналарына құя білетін дарын иесі боуы керек. Бұл дирижердың басқару стиліне байланысты. Қазақ музыкалық фольклорының білгірі, п.ғ.к., доцент Е.О.Балабеков дирижерларды жұмыс стиліне қарай диктатор, либерал, интеллектуал деп нақты үш түрге бөліп, атақты, қайталанбас алып тұлға Ш.Қажығалиевты диктаторға, А.Мырзабековты либералды дирижерға жатқызса, Г.Софонцевті интеллектуалды дирижер деп санауға болатынын сабақтарында мысалға келтіріп отыратын. Қазіргі кезде еліміздің аймақтарындағы ұлт аспаптары оркестрлері дирижерларының кинетикалық және вербалды емес имидждерін ғана емес жалпы кәсіби имиджін қалыптастыру ұлттық дирижерлыққа жас азаматтарды қызықтырудың бір жолы деген тоқтамға келдік.

Жоғарыда қазіргі кездегі жастау дирижерлардың бірнешеуінің ғана есімін атадық. Бұл

зерттеудің аздығынан, басқа дарынды дирижерлардың мүлдем болмауынан емес. Осындай қиын өнер түрінің шыңына жеткен дирижерлардың насихатталу деңгейінің төмендігі, жас азаматтар арасында дирижерлық өнерге қызығушылықтың, оркестрлік музыкаға сұрыныстың аз мөлшерде екендігі бізді қынжылтады.

Мәдениет саласында да жаңа жобалардың жарыққа шыққанын, сол арқылы жас дирижерлар санының да сапасының да көбейгенінің, дирижерлық өнеріміздің өркендеп, әлем елдерінде де қазақ оркестрінің дамып, өркендеуінің куәсі болғымыз келеді. Себебі ұлттық мәдениеті дамыған ел – мәңгілік ел.

Әдебиеттер тізімі

1. Нысанбаев Ә.Қ. 18 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Алматы: Қазақ энциклопедиясының, 2001, 720 б.
2. Сапарова Ю.А., Багов И.Т., Турдалиева Ш.Ж., Сабекова А.С. Имиджелогия. Шымкент: ЮКГУ им. М. Ауэзова, 2009, 118 с.
3. Леонтьев А.А. Лекция как общение. М.: Знание, 1974, 39с.
4. Правила цитирования источников. Доступно на: <https://prezi.com/j0rjaw5kveeb/presentation/>
5. Панасюк А.Ю. Вам нужен имиджмейкер? М.: Наука, 2000,с.
6. Правила цитирования источников. Доступно на: <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
7. Сиқырлы таяқша немесе дирижерлық өнер//Айқын газеті. – 24 ақпан 2011 жыл, №35 (1702), Б. 5-7.

Аннотация

Социально-экономическое положение в мире в стабильной, прогрессивной, цивилизованной стране важное место занимает оркестровое исполнительское искусство, которое является самым высоким звеном в искусстве и в области культуры. Оркестровое исполнительское искусство развивается в Казахстане, так как это молодое государство. Как гордая гордость казахского искусства, место Национальной консерватории имени Курмангазы в подготовке квалифицированных музыкантов, профессиональных дирижеров, наших дирижеров не менее, чем уровень дирижеров европейского профессионального симфонического оркестра. Профессиональный образ оркестра, включая дирижера оркестра Казахского народного инструмента, является нашим объектом исследования.

Изображение имеет очень низкую вероятность исследований изображений, и, несмотря на то, что научные работы о профессиональном имидже дирижера оркестра казахских народных инструментов вообще не найдены, ответ на вопрос о том, как стать профессиональным образом дирижера казахского народного музыкального оркестра, заключается в том, что он может помочь создать эффективный кинетический и невербальный образ.

Abstract

The socio-economic position in the world in a stable, progressive, civilized country occupies an important place orchestral performing art, which is the highest link in art and in the field of culture. Orchestra performing art is developing in Kazakhstan, as it is a young state. As the proud pride of Kazakh art, the place of the Kurmangazy National Conservatory in the training of qualified musicians, professional conductors, our conductors is not less than the level of conductors of the European professional symphonic orchestra. The professional image of the orchestra, including the conductor of the Kazakh folk instrument orchestra, is our object of study.

The image has a very low probability of studying images, and despite the fact that the scientific work on the professional image of the conductor of the Kazakh folk instruments orchestra was not found at all, the answer to the question of how to become a professional conductor of the Kazakh folk music orchestra It can help create an effective kinetic and non-verbal image.

ӘОЖ 81.367

Б.М. Тілеубердиев, К.У. Кулмаханбетова

ф.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

магистрант, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

Т. САЙРАМБАЕВ СӨЗ ТІРКЕСІ ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫЛАРДЫҢ БІРІ

Түйін

Бұл мақалада профессор Т.Сайрамбаевтың ғылыми-педагогикалық тәсілі және оның негізгі синтаксисі саласындағы негізгі ғылыми зерттелуі талданады. Түркі және қазақ тілдерінде Т. Сайрамбаев туралы ғылыми зерттеулер басталғанға дейін сөз тіркестерінің өзара қарым-қатынастары зерттелмеген. Бұл мәселенің маңыздылығын мойындайтын және сөз тіркестерінің нысанын талдайтын ғалым өз ғылыми қорытындыларын жасайды. Т.Сайрамбаевтың зерттеуінен бұрын түркі тілдеріндегі фразалар мен қазақ тіл біліміндегі қарым-қатынас формалары толығымен зерттелмеген. Бұл мәселенің маңыздылығын мойындайтын ғалым өз ғылыми ұғымдарын ұсынады. Мақалада қазақ тіліндегі фразалар теориясы мектеп оқулықтарына қосылуы керек екенін айтады. Ғалымның зерттеуіндегі басты жаңалық белгілі бір тілдік деректерге негізделген, құрылымдар бойынша фразаларды қарапайым және күрделі түрде бөлу, сондай-ақ күрделі сөз тіркестерінің тілдік сипатын анықтау.

Кілттік сөздер: ұстаз, сөз тіркестер, құрылым, синтаксис, ғалым, ерекшеліктер, еркін және бос емес сөйлемдер.

XX ғасырдың бас кезінде сөз тіркестері қазақ тіл білімінде ғана емес, жалпы түркі тілдерінде проблемалы мәселелердің бірі еді. Сол заманда сөз тіркестерінің құрылымдық белгілері мен түрлері жайлы зерттеулер жүргізілгенімен, олардың күрделену тәсілдері мен жолдары сол кезеңде шешімін таппаған болатын еді. Тіпті күрделі сөз тіркестері деп қандай синтаксистік топты айтамыз дейтін сұраққа айқын, дәл жауап беру сол кезде мүмкін бола бермейтін. Керек десеңіз қазіргі түркі тілдеріндегі еңбектерде сөз тіркесінің сөзден, әсіресе күрделі сөздерден айырмашылығы да айқын емес болатын.

Шын мәнінде сөз тіркесі синтаксисінің қалыптасу кезеңі 1950-ші жылдарға жатады. Бұл ретте 40-шы жылдардың соңын ала қазақ тіліндегі сөз тіркестерін әр қырынан алып зерттей бастаған М. Балақаев болса, сөз тіркесінің академиялық грамматикасын қалыптастырған, қазақ тіл білімінде арнайы зерттеу объектісіне айналдырған профессор Т. Сайрамбайұлы еді.

Талғат Сайрамбайұлының қазақ тіл білімі ғылымы саласы бойынша зерттеген тақырыбы – қазіргі қазақ тілінің сөз тіркесі мәселесі. Сөз тіркесі мәселесімен басқа да ғалымдар айналысты, бірақ Т. Сайрамбайұлы осы тақырыпты өзіне нысан етіп ала отырып, өмірінің соңына дейін егжейлі-тегжейлі қарастырды, бірнеше шәкірт дайындады. Ең бастысы ұстазы М. Балақаевтың көзқарасын дәлелдеп, жалғастырушы болды. Солардың ішінде негізгілері: Күрделі сөз тіркесінің кейбір мәселелері, Есім пысықтауыш, Қазіргі қазақ тіліндегі сөз тіркестері, Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі, Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері, Синтаксис туралы ойлар, Синтаксистің кейбір мәселелері, Қазіргі қазақ тілі: сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі, Қазіргі қазақ тіліндегі тіркесімділіктің кейбір мәселелері, Жақ категориясының функционалдық көрінісі т.б. оқулықтары мен оқу құралдары.

Т. Сайрамбаев сөз тіркесі синтаксисін жазуда өзіне дейінгі бұл саланы зерттеушілерге қарағанда өзіндік ой ерекшелігі болды, мектеп қалыптастырды. Кеңес Одағы кезінде қазақ

тілінің синтаксис саласын зерттеген ғалымдар сөз тіркесін тек жай сөйлем төңірегінде ғана қарастырып бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш, - деп сөйлем мүшелері аясында қарастырумен шектелді. Ғалым да сөз тіркесіне ұстазы М. Балақаевтің 1949 жылы жарық көрген мектеп грамматикасындағы сөйлем мүшелерін, 1954 жылы жарық көрген грамматикадағы сөз таптарының ғылыми жүйесін негізге алғанымен, еңбектің он бойында сөйлем мүшелерінің байланысы жатқанын ой елігінен өткізіп отырды. Морфология мен синтаксис екі бөлек сала болғанымен екеуі де грамматикада қарастырылады. Сондықтан ғалым сөз тіркесін тек сөз таптарының негізінде ғана синтаксиске жаңа объекті ретінде енгізді.

Сөз таптарының өзі екіге бөлінеді. Алғашқы тобында лексикалық мағыналары сақталған, сөйлемде белгілі бір сөйлем мүшесінің қызметін атқарады. Екінші бір тобы сөз табы деген атқа ие болғанымен, өзінде лексикалық мағына жоқ, сөйлем ішінде белгілі бір сөйлем мүшесінің қызметін атқара да алмайды. Автор осы топтағы сөздердің ішінен сөз тіркесін құрайтындарын ғана басшылыққа алады. Мысалы, *үйге барды, үйде отыр, Асанды таныды* деген сөз тіркестерінің екі дербес мағынасы бар сөздерден құралған дей келе, *үйге дейін барды, үйдің қасында отыр, Асан екенін таныды* деген сөз тіркестері үш сөзден құралған. Бұлардың әрқайсында дербес мағына бар болғанымен *дейін, қасында, екенін* сияқты шылау, көмекші есім, көмекші етістіктер бар екенін айта келе, сөз тіркестерін былай бөліп көрсетеді. *Үйге дейін, үйдің қасында, Асан екенін* дегендер екі сөз табынан құралса да сөйлем емес. Бірақ осылардың өзара сөз тіркесін құрау, құрамауы туралы түркологтар арасында талас туып отыр, - деген ой айтады.

Н.К. Дмитриев т.б. кейбір ғалымдар *сенің үшін, өте жақсы* сияқты негізгі сөз бен көмекші сөздерді сөз тіркесі деп, оларды арнайы объектіге алғанымен, профессор М. Балақаев мұндай екі сөздің тіркесін алғашқыда шумақ деп атайды, кейінгі еңбектерінде түйдекті тіркес деп ат беріп, олардың өзінің объектілерін нақтылайды. «Словосочетание по своей структуре могут быть сложными, состоящими из трех и более самостоятельных слов» [1,410], - деп көрсетеді.

Т. Сайрамбаевтың пікірі бойынша еркін тіркестің атқаратын өзіндік қызметі болса, түйдекті тіркестер де дербес мағынасы бар сөз таптарынан кейінгі сөз тіркесін құрайтынын, бұлар сөз тіркесінің мағынасын кеңейтетінін сөз етеді. Бұларды *есім мен көмекші етістіктер, күрделі етістіктер тобы, күрделі есімдер тобы, қосарлы есімдер тобы, тұрақты тіркестер* деп бөле отырып, сөз тіркесі сөйлемнің құрылыс материалы болса, түйдекті тіркестер сөз тіркесін құрай отырып, сөз тіркесінің аясын кеңейтетін категория екеніне назар аударады.

Ғалым сөз тіркестерінің зерттелуі және оның объектісінің анықталуы, айқындала түсуі кейінгі кезеңдердің жемісі деп есептейді. Дей тұрғанмен сөз тіркесінің объектілері қазақ тіл білімінде, сондай-ақ түркологияда арнайы зерттелініп келеді. Сондықтан да Т. Сайрамбаевтың еңбектерінде сөз тіркесінің зерттелуі, ұқсас категориялар, сөз, сөйлем, фразеологиялық бірлік пен тіркестердің сөйлем мүшелерімен ұқсастықтары, айырмашылықтары сөз болады.

Сөз тіркесіне қатысты мәселенің бірі – оның құрылысы. «Сөйлемде (логикалық не грамматикалық жағынан алсақ та) екі полюс, яғни бастауыш пен баяндауыш болуы хақ. Сонымен, бір-біріне қатысы жағынан бастауыш және баяндауыш болып келетін кез келген синтаксистік бірлікті сөйлем дейтін боламыз. Керісінше, өзара іштей бастауыш және баяндауыш болып келмеген кез келген синтаксистік тіркес сөйлем емес, сөз тіркесі деп танылады. Сонда сөз тіркесі сөйлем ішіндегі статикалық қатынастарды баяндаудың формасы ғана» [2,202-203].

Біз бұл хабарламамызда Т. Сайрамбайұлының зерттеп қарастырған бір сөздің қайталануы арқылы қалыптасқан сөз тіркестеріне тоқталуды жөн санадық.

Қиыса байланысқан сөз тіркестері. Бір сөздің қайталануы арқылы қиыса байланысқан сөз тіркесі негізінен бастауыш пен баяндауыштың арасында болады. Бұлар үш түрлі жақта, дара, көпше түрде болатындығы жайында ғалым дәлелді мысалдар келтірген. Әсіресе мұндай кезде олардың қай сөз таптарынан болу жағы ерекше қызмет атқарады. Т. Сайрамбайұлы оларды қай сөз таптарынан болуына қарай былайша топтап көрсетеді:

1. Зат есім мен зат есім арқылы: Қиыса байланысқан зат есімді сөз тіркестерінің бастауышы көбіне нөлдік, тәуелдік формадағы зат есімдер болады.

а) Бастауышы нөлдік формада келуі: Тегі Есней Есней ғана *бола алса керек* (Ғ. Мүсірепов). *Малсыз күй күй болмады* (М. Қамбаров). *Бәйгесіз той той ма?* (М. Қаназов). *Жақсы жерге түскен келін - келін, жаман жерге түскен келін – келсап дейді ғой қазақ* («Қазақ әдебиеті»).

ә) Бастауышы тәуелдік формада келуі: *Қарғыс атқандардың басы да бас емес, қолы да қол емес* (Ә. Нұрпейісов). Әйтпесе, жанағы «Королева Маргоны» саудалап жүрген адамдардың *ісі іс пе?* («Жұлдыз»). - *Не айтайын, шырағым, не айтайын...* - дегеннен басқа *Күнше де еш нәрсе айта алмады. Уәдеміз – уәде* (Ғ. Мүсірепов).

б) Кейде бастауышы көмекші сөздердің қосақталуы арқылы келе береді. Мысалы: *Күнә екені күнә*, бірақ қылмыс емес (Д. Досжанов).

Бір сөздің қайталануы арқылы жасалған сөз тіркестерінің баяндауыштары да тек сол сөздер болуы тиіс. Бірақ баяндауыш болатын ондай сөздер тек бастауыш сияқты тұлғада да келе береді, кейде бастауыш жеке-дара болғанымен, сол сөздің қайталануы арқылы жасалған баяндауыш таза күйінде немесе ондай сөздерге түрлі көмекші етістіктердің де тіркесі арқылы жасалады. Оны жоғарыдағы мысалдардың баяндауыштары дәлелді түрде көрсетсе керек.

2. Сын есім мен сын есімнің тіркесі. а) *Тәуірі – тәуір* (М. Қаназов). *Қызылы - қызыл, жасылы - жасыл* болып көсіліп жатыр (Д. Досжанов). *Бетінің қызыл күреңденгені қызыл күренденген бе?* («Қазақ әдебиеті»).

3. Есімдік пен есімдіктің тіркесі. *Өзгесі өзге еді*, бүгінгі қылығын не деп дәріптейді (М. Сқақбаев). *Басқасы басқа*, ал Әбекенді ойландырған қатаң сөгіс те емес, ақшаның табылуы да емес, тіпті басқа нәрсе, сол сейфке ақшаның баруы еді (Беласқан).

Менікі де менікі.

Сенікі де менікі (Маржансөз). *Сол сол – ақ екен*, Темір әскерінің ұзын шеті қиқуласып, аш қасқырша ілгері ұмтылысты (М. Сқақбаев). *Әй, ол ол ма*, сен Тайлақбайдың не істеп жүргенін естісеңші («Қазақ әдебиеті»).

4. Етістік пен етістіктің тіркесі. *Мынау көрген - көрген емес* (М. Әуезов). *Жоқ, оны жасамайды. Осы тоқтағаның тоқтаған* («Жұлдыз»). *Көзден сол бұлбұл ұшқаны ұшқан-ақ шығар* (М. Қаназов). - *Айтқаны айтқан* (Ж. Молдағалиев).

5. Үстеу мен үстеудің тіркесі. *Бұрынғысы бұрынғы ма*, қазіргіңе жол болсын (Беласқан). *Жұрт бұрынғы бұрынғы ма*, енді Жаулыбай Ақсынды менсінбей тастап кетіпті деп, түрлі қауесеттер бықсытты («Жұлдыз»).

6. «Бар, жоқ» сөздерінің өзара тіркесі.

Бары бар, жоғы жоқ, қойын алар бөрі жоқ (Маржан сөз). *Бары бар-ау*, бірақ менікі елде, күнде жоқ неме..., - деп қыбыжықтай берген Суыр Құсайынға шынын айтты (С. Жүнісов).

Матаса байланысқан сөз тіркестері:

1. Зат есім мен зат есімнен құралған сөз тіркестері.

а) Жалқы есім мен жалқы есімнің тіркесі. Ол тек - *Еманалының Еменалы екенін*, Мүсірептің түбі құл түрікпен екенін тал түсте танытса ғана қайтпақ (Ғ. Мүсірепов). *Бұл Сұлтанның Сұлтан болғалы ең бірінші алған ақысы еді, ең бірінші жеген таяғы еді* (І. Есенберлин).

ә) Жалпы есім мен жалпы есімнің тіркесі. *Әжелердің әжесінен* бері тартып келе жатқан

әйел зарын естімеген, әйел зары азабын көрмеген, алмаған құдайды меңіреу деп, құрғыр деп қарғайды (Ғ. Мүсірепов). *Достарымыздың достары* - біздің достар (Маржан сөз).

2. Сын есім мен сын есімнің тіркесі.

Алақан соғуға қарап арқасы қозып үйренген қазақ өнерпаздарына бұл *қиынның қиыны*, қияметтің қыл көпірі («Қазақ әдебиеті»). - Ойбай, ол бір сөзбен бітпейтән *қияметтің қияметі зой* (С. Жүнісов). Нанды күлге көміп пісіру, *баяғының баяғысынан* бері келе жатса да көшпелі қазақтың аузынан әлі дәмі кетпеген асы (Ғ. Мүсірепов).

3. Есімдік пен есімдіктің тіркесі.

Сірә, *менің мен екенімді* біліп кетті, ұялтпайын дегені (Ш. Жандарбекова).

4. Етістік пен етістіктің тіркесі. *Бағудың да бағуы* бар көрінеді (Беласқан).

Меңгеріле байланысқан сөз тіркестері:

1. Барыс септікті сөз тіркестері.

а) Зат есім мен зат есімнің тіркесі. *Сазға саз, сөзге сөз* (Маржан сөз).

ә) Есімдік пен есімдіктің тіркесі. *Өзіме өзім қожа*, - өзіме өзім би болсам, реті келсе, басқаларға да үстемдік жүргізсем деген мұраты іске асар ма деген үміті бар («Жұлдыз»).

2. Табыс септікті сөз тіркестері.

а) Зат есім мен зат есімнің тіркесі. *Мырзаны мырза* десең желдіреді, *малайды «малай»* десең тірі өледі (Маржан сөз). Терезесінде зырылдауығы жоқ *үйді үй* деп керегі жоқ, - дейтін болды (Ғ. Мүсірепов).

б) Етістік пен етістіктің тіркесі. *Аулауын ауларсың*, аузыңмен не қармарсың? (Маржан сөз). Бұлар үйге кіргенде атақты би *айтарын айтып болып*, қоштасар сөзге таяп қалған еді (Ғ. Мүсірепов). Абзал соңғы *айтарын айтса да*, отыра кеткен Сәулеге ойлы көзімен қарап қалды (Ә. Әбішев).

3. Шығыс септікті сөз тіркестері.

а) Зат есім мен зат есімнің тіркесі. - Ой, көсегең көгерсін, Ақан балам, *малдан мал, жаннан жан қоймай*, берекемізді кетіріп еді (С. Жүнісов). Сол жерде *сөзден сөз туды*, бұл жігіт өз тағдыры жайында бір сыр шерткен еді (О. Сағынаев).

б) Етістік пен етістіктің тіркесі. Өйтіп езу тартқанын *көрсеткенінен көрсетпегені* жақсы да (Ғ. Мүсірепов). ЦУМ-ның бар қабатын түгел ақтардық, *алғанымыздан алмағанымыз* көп сияқты (Ш. Жандарбекова).

4. Көмектес септікті сөз тіркестері.

а) Зат есім мен зат есімнің тіркесі. ...Шіркін-ай, *досыңмен дос бол, қасыңмен қас бол*. Досыңмен қастаспа, қасыңмен достаспа деп, Ұлақшыға айта алмай қалдым-ау (І. Есенберлин). - Әй, кемпір ішер шайыңды іштің ғой. Енді *жаспен жас болмай*, қазандық жаққа барсаңшы (С. Жүнісов).

ә) Есімдік пен есімдіктің тіркесі. Ағайынға зәбірін жоқ, *өзімен өзі болып* отыратын ырыс иесі бір момын адам едің, күндердің күнінде көре тұра айтпапсың деген өкпеңе қалармын деп әдейі бұрылдым... - деді (Ғ. Мүсірепов).

Қабыса байланысқан сөз тіркестері:

1. Сын есім мен сын есімнің тіркесі. Демек, *қоңыр деп қоңыр емес, күлгін деп күлгін емес* (Беласқан).

2. Етістік пен етістіктің тіркесі. *Тәрбиелеудей-ақ тәрбиеледім*, бірақ болмады (Д. Досжанов).

Жалпы алғанда бір ғана сөздің сол сөз арқылы қайталанып сөз тіркесін құрауы әдеттегі сөз тіркестеріне қарағанда, біріншіден, сөз етілмей отыр, екіншіден, бір сөздің қайталануы арқылы құралған сөз тіркестерінің тұрақты тіркестермен жігін айқындау да негізгі мәселе болып отыр. Әрине бұл жерде бір сөздің қайталануы арқылы құралған сөз тіркестерінің көптеген заңдылықтарының басы ашылмаған. Ол туралы әлі де көптеген жұмыс істеу қажет. Мұндай тұлғалы сөз тіркестері сөз тіркесінің үлкен тобын құрайды [3,186-188].

Мақала мәтінінен байқап отырғанымыздай профессор Т. Сайрамбайұлының ғылыми-зерттеу еңбектерінде сөз тіркестерінің құрылысы, сонымен қатар сөз тіркестерінің күрделені процесі арнайы қарастырылған. Сондай-ақ сөз тіркестерінің есімді, етістікті топтарының да күрделі түрлері түгел қамтылады. Есімді сөз тіркестерінің қабыса, меңгеріле, матаса, ал етістікті сөз тіркестерінің меңгеріле, қабыса байланысу формасы нақты мысалдармен дәлелді түрде берілген. Барлығы бір мақаланың көлеміне сыймағандықтан бұл хабарламада бір сөздің қайталануы арқылы қалыптасқан сөз тіркестеріне тоқталуды жөн санадық.

Әдебиеттер тізімі

1. Балакаев М.Б. Структурные особенности словосочетания в тюркских языках. КазГУ им. С.М. Кирова. К сорокалетию Республики. Сборник статей. Алма-Ата, 1961, С. 406 - 411.
2. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. М.-Л.: Издательство Академии Наук СССР, 2012. – 245 с.
3. Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Сөз тіркесі. – Алматы: Арыс, 2010. – 640 с.

Аннотация

В статье рассматриваются главные методологические особенности исследований, определяются основные научные направления языкознания XX века. Анализируются научно-педагогический путь профессора Т. Сайрамбаева и его основные научные исследования в области синтаксиса словосочетания. В тюркской и казахской лингвистике до начала научных исследований Т. Сайрамбаева формы взаимосвязи словосочетаний не были исследованы. Ученый, признавая важность этой проблемы и анализируя формы связи словосочетаний, делает свои научные заключения. До исследований Т. Сайрамбаева формы связи словосочетаний в тюркских языках и казахском языкознании не были окончательно исследованы. Ученый, признавая важность этой проблемы, предлагает свои научные концепции. В статье отмечается, что теория по словосочетаниям в казахском языке должна войти в школьных учебниках. Главная новизна в исследованиях ученого - на основе конкретных языковых данных разделение словосочетаний по структуре на простое и сложное, а также определение языковой природы сложных словосочетаний.

Abstract

The main methodological features of research are examined in the article, the main scientific directions of linguistics of the 20th century are determined. The scientific and pedagogical path of Professor T. Sairambaev and his main scientific researches in die field of syntax of word combinations are analyzed, hi Turkic and Kazakh linguistics, until the beginning of scientific research of T. Sairambaev, the forms of interconnection of word combinations haven't had been investigated. The scientist, recognizing the importance of this problem and analyzing the forms of connection of word combinations, makes his scientific conclusions. Prior to T. Sayrambayev's research, the forms of connection of word combinations in Turkic languages and Kazakh linguistics were not investigated yet. The scientist recognizing the importance of this problem offers his scientific concepts. The article notes that the theory of collocations in Kazakh language should be included in school textbooks. The main- u&velty in the researches of the scientist - the division of word combinations by structure into simple and complex on the basis of specific linguistic data, as well as the definition of the linguistic nature of complex word combinations.

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ, ӨМІР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР
ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ, НАУКИ О ЖИЗНИ
NATURAL SCIENCES, LIFE SCIENCE**

ӘОЖ 39.29

Б.М. Тілеубердиев, А.Д. Разбекова

ф.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
магистрант, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

**М. МЫРЗАХМЕТҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ
БАҒДАРЛАМАСЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ**

Түйін

Бұл мақалада М. Мырзахметұлы ел тарихын және қазақ халқының жерін көзқарастар, халықтың, колониалдық тоталитарлық топонимдердің нақты мысалдарын келтіретін тарихи және әлеуметтік мәселелерді талқылайды. Өткенге қарап, қазақ халқы әртүрлі психологиялық қысымға ұшырап, қайғылы қауіпті жолдан өтті. М. Мырзахметұлының айтуынша рухани мұрадан ХХ ғасыр ішінде өмір сүрген төрт буын ұрпақтың – ата буын, аға буын, орта буын, жас буын арасын жалғастырушы ата буын тұтастай оталып, жойылып кетті де, дәстүрлі жалғастық үзіліске ұшырады.

Осы тұрғыдан келгенде қазақтың кіндік қаны тамған жер-су атаулары да танымастай өзгеріске ұшырады. Топонимикалық атаулар ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан қазақ халқының тарихи есінің бір көрінісі екенін ескеріп, отарлаушы елдер топонимикалық атауларды түп-тамырымен жойып жіберуді мақсат етті.

Кілттік сөздер: топоним, зерттеу, ұлттық, рухани, тәрбие, дүние, қабылдау, ойлау

Адам баласының қоғам өзгеруіне байланысты таным-түсінігі толысқан сайын өзіне дейінгі ұрпақтар жасаған мұраларды зерттеп, игеруге деген қажеттілігі арта түсетіні белгілі. Бүгінгі таңдағы ғылыми түсінік ғылымды да, әдебиет пен өнерді де, ел жұрттың білім өрісі мен сауатын, ойдың оралымдылығы мен тілдің қуатын ұлттың рухани болмысымен байланыстырады. Сондықтан да ұлттың санасы, рухани болмысы әсіресе гуманитарлық ғылымның өзекті мәселесіне айналып отыр.

Бұл тұрғыдан келгенде М. Мырзахметұлы әдебиет, өнер, тіл саласы бойынша қазақ халқының елі мен жерінің, санасының зорлықпен өзгеріске түскен тарихын өткен ғасырда-ақ баяндап қойған. Бұл жөнінде мұрағаттардан нақты мысалдар келтіріп, қазақ халқының жазба мәдениеті, халық санағының деректерінің бұрмалануы, түркі халықтарының ортақ жазу проблемалары, халықтық, отаршылдық, тоталитарлық топонимикасы т.б. әлі де толық шешімін таппаған келелі мәселелерді сөз етеді.

Мән беріп қарасақ 1949 жылдардан бері бүгінгі таңға дейін 60-қа жуық ономастикадан докторлық және кандидаттық диссертация қорғалыпты. Алғашқы кезеңде қазақ ономастикасының мектебі қалыптасты, топонимдер мен антропонимдердің лексика-семантикалық топтары анықталды; екінші кезеңде топонимдер этнолингвистикалық бағытта зерттеле бастады, ономастикалық сөздіктер жасалды; үшінші кезеңде ономастикалық зерттеулердің нысандары эргоним, идеоним, мифонимдер болды. Ең бастысы Қазақстанның көптеген аймақтары лексика-семантикалық тұрғыдан қарастырылды. Соңғы кездері когнитивтік, этнолингвистикалық бағыттар бойынша көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді. Қаншама диссертация қорғалғанмен, отарлаушы елдердің жымысқы әрекетін ешкім ашып көрсете алмады.

Ал, Мекемтас Мырзахметұлы болса Абай әлемін зерттеп қана қоймай, миссионер ғалымдардың жымысқа әрекеті туралы, ата-бабамыздан бермен келе жатқан жер-су

атауларының түгелдей өзгеріске ұшырауы жөнінде бірнеше ғылыми еңбектер жазды. Жоғарыда айтқан ономаст ғалымдардың бірде бірі мұндай мәселені қозғай алмады. С. Мұқтарұлының айтуынша: «Біздің бұған дейін қалыпқа түсіп қатып қалған, қатқаксып қасаңсыған сіреспе көзқарасымызды қайта түрткілеп түлететін, санамыздың әлдебір қатпарында болымсыз бөстекі пікірсымақтарға көміліп, беріштенін кіреп қалған саңлаудың көзін қайта аршитын, мейлінше түркішіл, барынша ұлтжанды, екінші қырынан тарқатсақ, өткеннің барын таныған, бүгіннің жоғын түгендеген, келешек салынар даңғылды мегзеген толымды дүниелерді М. Мырзахметұлы еңбектерінен ғана байқауға болады» [1,2].

Түркі халқын миссионерлік жолмен біртіндеп шоқындыру арқылы орыстандырудың төте жолы аралас мектептер ашу еді. Осы аралас мектептер мен оқу орындарын ашудың өзінде миссионерлік мақсатты ұстанған саясатты көреміз деп жазған болатын ғалым М. Мырзахметұлы. «Миссионерлердің қолдауымен ашылған аралас мектептер мақсаты жағынан мұсылман мектеп-медреселеріне қарсы идеологиялық құрал ретінде үкімет тарапынан қолдау тауып отырды. Өйткені балалар жастайынан аралас мектепте оқыса, олардың дүниетанымы мен мінез-құлқының қалыптасуы шоқындыруға бейім, өз халқының рухани тамырынан қол үзіп, ұлт тағдырына селқос қарайтын делікұлы жандар шығатынын білгендіктен талап еткен» [2,47]. Осы саясаттың толығымен іске асқандығын бүгінгі аға ұрпақ буынынан байқау қиын емес. Ұлттық рухы, ерекшелігі жоқ рухани тамырынан қол үзген нигилистік пиғылдағы мектептерді интернационализмнің көрінісі деп келдік. Рухани жаңғыру бағдарламасының аясында мұндай бүркемеленген саяси іс-әрекеттің бет-пердесі ашылды.

М. Әуезовтің «Ақын аға» романында миссионерлер «Ізгілік миссионерлік» деп аталатын ұйым арқылы қазақтың жетім балаларын шоғындырғандығы айтылса, Ш. Мұртазаның «Қызыл тебе» романында түрме бастығы Приходконың Тұрарды шоқындыру жолындағы әрекеттері баяндалады. Миссионер ғалымдар қазақ жерінде миссионерлік идеяны таратып, насихаттау жұмыстарын жүргізу үшін газет, журналдар шығарды. Миссионер ғалымдар Ильминский, Катаринский, Алекторов, Васильев, Воскресенский, Левшин т.б. православиелік рухтағы діни кітаптарды түркі тілді халықтар тіліне аударып, олардың кең көлемде аударылуына ат салысты. Мәселен, Ильминскийдің шәкірті Ф. Соколов Ы. Алтынсарин мектебінде мұғалім болып жұмыс атқарған. Ы. Алтынсарин қайтыс болған соң, бастағы мақсаты миссионерлік жолға біржолата ауысып кетеді.

Ильминский 1869 жылы Ағарту министріне жазған хатында: «Алтынсарин қазақтардың ортасында өзі мектеп ашса, орыс алфавитін сонда қолданса, оны орыс елінің адамдары істеп отыр дегізбей, өзі ашқан болса, оны орыс империясының талабы деп халық ойламайтын болса, бұл бізге қажетті, идея Алтынсариндікі болады», - деп өз мақсатының өзекті желісін ашып берді, - дейді ғалым М. Мырзахметұлы [2,68]. Ал Ы. Алтынсарин болса үкімет ашқан бұл мектепте балаларды шоқындыру үшін емес, оларға еуропалық білім беру ісімен айналысып жүргенін жете танып білмеді. Түптеп келгендегі миссионерлердің негізгі мақсаты жергілікті халықтың ғасырлар бойы пайдаланып келген сіңісті әрі дәстүрлі жазуын сыртқа теуіп орыс таңбасымен алмастыру арқылы екі-үш ұрпақ алмасқан соң тарихи жадыдын айыру, осы арқылы жергілікті халықты өткенін ұмыттырып, мәңгірттендіруді көздеген болатын. Оның үстіне Қырым жерін қырым татарларынан, Тұран өлкесін мұсылман халықтарынан тазарту, ұсақ ұлттарды тезірек ассимиляцияға түсіріп, жаппай орыстандыру саясаты Сталин билігі кезінде де жүзеге асырылды.

М. Мырзахметұлының мәлімдеуінше дін жолына көбірек шалынған татарларды шоқындырудан толық нәтиже шығара алмаған Ильминский Қазаннан Орынборға 1872 жылы қызмет ауыстырады. Жалпы отарланған халықтарды шоқындыру мақсатын патша үкіметі ерте кезден ақ ойластырған болатын. Оның айғағы - Волга бойы халықтары үшін арнайы түрде құрылған «Новокрещенская контора». Қарап отырсақ Патша өкіметі, одан қала берді Кеңес Одағы ұстанған отарлау саясаттың негіздерін жүзеге асыру үшін бірнеше буын баба,

ата, аға бөліктерді қамтитынын байқауға болады. Осындай құйтұрқы саясаттың арқасында қазақ халқының рухы сынып, санасы өзгеріске түсті. Рухани жаңғыру бағдарламасының аясында осындай жеке басқа табыну мен тоқырау жылдарының саяси-әлеуметтік мәселелері зерттеліп, зерделену керек.

Зерделеп қарасақ бір ғасыр ішінде ұрпақтар алмасуындағы заңдылық бұзылып, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр, келесі ұрпаққа ауысатын ұлттық дүниетаным, ұлттық рухани қазына көздері, салт-дәстүр үзіліп, келесі ұрпақ өкілдеріне жетпей қалды. Қасірет атаулының бәрі де осы рухани мұрадан қол үзінде жатыр. М. Мырзахметұлының айтуынша рухани мұрадан ХХ ғасыр ішінде өмір сүрген төрт буын ұрпақтың – *ата буын, аға буын, орта буын, жас буын* арасын жалғастырушы *ата буын* тұтастай оталып, жойылып кетті де, дәстүрлі жалғастық үзіліске ұшырады.

Осы тұрғыдан келгенде қазақтың кіндік қаны тамған жер-су атаулары да танымастай өзгеріске ұшырады. Топонимикалық атаулар ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан қазақ халқының тарихи есінің бір көрінісі екенін ескеріп, отарлаушы елдер топонимикалық атауларды түп-тамырымен жойып жіберуді мақсат етті. Бұл туралы Ш.Уәлиханов: «Көне түрік салт-сана, әдет-ғұрпының қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты адам аттары, жер-су атаулары, тағы басқалары есте сақталып, атадан балаға жалғасып жатады» [3,115], - деп жазып кеткен болатын.

М. Мырзахметұлы қазақ даласындағы жер-су атауларының түбегейлі өзгеруіне патша әкімдігінің төмендегідей айла-шара жүргізуі әсер етті деп көрсетеді: «Отарланған жерлерге Романовтар династиясының, қолбасшылар мен генерал-губернаторлардың, патша қайраткерлерінің есімдері қойыла бастады; отаршыл үкімет православиелік дін басылары мен дін қайраткерлерінің есімін молынан қоя бастады; отарланған қазақ даласындағы атауларды орысшаға аударып, отаршылдық рухты сіңіре бастады. Мысалы: *Ақсу – Беловод, Шортанды – Щучье, Көкшетау – Синегорье, Балықшы – Рыбачье, Бестау – Пятигорск* т.б.; Романовтар династиясына «ново» деген үстеме сөз қосу арқылы *Ново-Николаевка, Ново-Алексеевка, Ново-Михайловск, Ново-Романовка* атаулар қаптап кетті» [2,111-112].

Назар салып қарасақ жоғарыдағы атаулардың әсіресе, Солтүстік Қазақстанда бүгінге дейін сақталуы біздің дүниетанымымыздың өзгермеуінен, рухани болмысымыз бен таптаурын идеологияның әсерінен. Отарлаушы мемлекеттер біздің жер-су, көше, қала атауларын өзгерткен кезде қазақ халқымен санасқан жоқ, ендеше біз неге өз атауларымызды өз жерімізде қайта қалпына келтіру үшін референдум өткізуіміз керек. Қазақ халқының рухы толық жаңғырып болмағанын осыдан да аңғаруға болады.

Шындықтың бәрі салыстырмалы түрде байқалады. Осы тұрғыдан қарасақ кезінде еліміздің тұңғыш астанасы болған Орынбор қаласында бірде-бір қазақ атауларының болмауын қалай түсіндіруге болады. Омбы қаласынан да осындай келеңсіздікті байқау қиын емес. Басқаны былай қойғанда Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Петропавловск, Көкшетау өңірлерінде байырғы қазақ топонимдері сақталмай, түгелге жуық өзгеріске ұшырауын қандай заңдылыққа жатқызуға болады. М. Мырзахметұлы Солтүстік Қазақстан облысы Перенев ауданында он бір ауылдық кеңес пен қырық екі елді мекен, село атауларынан бір ғана Айымжан селосы болмаса, басқасының бәрі аудан орталығынан бастап орысша атауды иемденіп отырғанын ашына жазған болатын. Содан бері біршама уақыт өткенімен өзгеріс шамалы, бұл дегеніміз – «Рухани жаңғыру» бағдарламасының баяу іске асырылып жатқандығының көрінісі.

1930-1940 жылдар аралығындағы қасіретті трагедиялық жағдай, атап айтқанда қолдан жасалған ашаршылық пен репрессия қазақ қоғамының мәдени-моральдық, интеллектуалды рухани дәрежесін мүлде төмендетіп жіберді. Қазақ халқының рухани қаймағы сыпырылып алынған соң, олардың орнын рухсыз әпербақандар, лауазым үшін қандай да болсын қулық істен таймайтын кейбір атқамінерлер басты. Сол себепті де мұндай басшылар халықтың

тарихи топонимикалық атауларының түбегейлі жойылып жатқанына мән беріп те қарамады. Оның үстіне тың игеру мақсатында Қазақстанға келген келімсектер сан мыңдаған микро, макро топонимдерді оңды-солды ауыстырды. Бұл келешек өсіп келе жатқан жас ұрпақты мәңгірттендіріп, тамырынан қол үздірудің бір жолы болатын, Кеңес Одағы бұл саясатты мүдіртпей орындады.

Ал бүгінгі күндегі ұлттық санамыздың кемшілігі топонимикалық атауларға ру атын қоюға ұмтылу әрекеті бұл күнде өршіп тұр. Көптеген ауылдар мен мектептерге ру атын қою жиілеп барып, Ономастикалық комиссияның пәрменімен тоқтатылды. Бұл іспеттес құбылыстарға ұлттық сана деңгейінен қарап күрес жүргізбесек, тоғышарлық, рулық сана шеңберінен шыға алмайтынымыз сөзсіз. Сонымен қатар макротопонимдерге ат қойғанда ойланып істейтін бір мәселе – сол жердің ғасырлар бойы аталып келе жатқан тарихи атауын беруге батыл кірісу керек. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырудың бірден-бір жолы – халықтың салт-дәстүрін берік ұстану қазақ халқының ғасырлар қойнауында қалыптасқан дүниетанымының рухани болмысын келешек ұрпаққа жеткізу. Бұл тұрғыда М. Мырзахметұлының ғылыми еңбектерін көбірек насихаттап, үлкен аудиторияларда талқылау жұмыстарын мейлінше молынан жүргізуге ат салысуымыз керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Мұқтарұлы С. Құс қанатты хабаршы // Сыр бойы. Қазан, 1997, С. 5-6
2. Мырзахметұлы М. Қазақ қалай орыстандырылды? Алматы, 2010, 400 б.
3. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1985, 340 б.

Аннотация

В данной статье рассматривается точки зрения, исследование М.Мырзахметулы показывает историю страны и земли казахского народа, исторические и социальные вопросы будут обсуждаться на эту тему, предоставив конкретные примеры народных, колониальных тоталитарных топонимов. Оглядываясь на прошлое, казахский народ подвергался разнообразному психологическому давлению, и трагедия прошла опасный путь. По словам М. Мырзахметулы, четыре поколения духовного наследия, проживающие в двадцатом веке - поколения поколений - поколения поколений, старшего поколения, среднего поколения и молодое поколение, были полностью разрушены и уничтожены, а традиционное продолжение прерывания.

С этой точки зрения, названия земли казахской национальной крови претерпели заметные изменения. Принимая во внимание, что топонимические имена являются проявлением исторической памяти о казахском народе, который переезжает из поколения в поколение, колониальные страны стремились искоренить топонимические имена.

Abstract

This article examines the points of view, the study of M.Myrzakhmetuly shows the history of the country and the land of the Kazakh people, historical and social issues will be discussed on this topic, providing concrete examples of folk, colonial totalitarian toponyms. Looking back on the past, the Kazakh people were subjected to a variety of psychological pressures, and the tragedy passed a dangerous path. According to M. Myrzakhmetuly, four generations of the spiritual heritage living in the twentieth century - generations of generations - the generations of generations, the elder generation, the middle generation and the younger generation have been completely destroyed and destroyed, and the traditional continuation of interruption.

From this point of view, the names of the land of the Kazakh national blood have undergone a noticeable change. Bearing in mind that the toponymic names are a manifestation of the historical memory of the Kazakh people, which is moving from one generation to another, colonialist nations have sought to eradicate toponymic names.

ӘОЖ 39.021

Б.М. Тілеубердиев, Д.П. Темирбаева

ф.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
магистрант, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

АДАМНЫҢ ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

Түйін

Бұл мақалада адамның дене мүшелеріне қатысты тұрақты теңеулер, фразеологизмдер болмысы сезім мүшелері арқылы қалыптасады. Бұл жайында тұрақты теңеулерді зерттеген, адам көз арқылы дүниедегі заттар мен құбылыстарды көріп, олардың түр-тұрпатын, сан қилы формаларын, түсін, олардың бір-бірімен арақатынасын, орналасу тәртібін, қозғалыс-қимылын т.б. толып жатқан белгілерін танып біледі. Олардың денотативтік және коннотативтік мағыналары адам келбетін кескіндеудің тілдік моделін сомдайтын болса, образдық-фондық негіздері ұлттық эстетикалық таным-талғамның, дүниетанымдық көзқарастардың, адамды қоршаған табиғи және әлеуметтік-қоғамдық, мәдени ортаның әр алуан қырына берген бағаның тұтастығын құрайды.

Адамның бет-әлбет, дене бітіміне, жас ерекшелігіне байланысты сыртқы түр-тұрпаттағы өзгерістердің денотативтік мінездемесі мен жалпы физиологияның бейнелі сипаттамасын жасауда жан-жануарлар, құс, өсімдік атаулары мен тұрмыстық зат атауларының айрықша белсенділік танытуын табиғатпен біте қайнасып, үндестікте тірлік кешкен қазақтар мен басқа да түркі халықтарының көшпелі өмір салтымен, тұрмыстық мәдениеттерінің өзіндік ерекшелігімен түсіндіруге болады.

Кілттік сөздер: фразеологизмдер, мүше, сана, образ, мәдениет, бейнелеу, әлеуметтік-қоғамдық

Жұмыр жерді мекендеген халықтардың қай-қайсысының да адамның дене мүшелеріне байланысты тұрақты тіркес теңеулері мен фразеологиялық теңеулері кездесетіні белгілі. Қарапайым адамның жүріс-тұрысы, мінез-құлқы, қоғамдағы орны, сөйлеу әрекеті сияқты ішкі сезім жағдайлары, жас мөлшеріне байланысты физиологиялық қасиеттері ерекшеленеді.

Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени ерекшеліктері, ұлағатты сөздері сонау ерте замандардан бері айтылып, ұрпақтан-ұрпаққа сұрыпталып беріліп келеді. Соматикалық теңеулі фразеологизмдер қысқа болса да нұсқа, бейнелі, мағыналы, логикаға құрылады да тыңдаушы көкейіне бірден қона кетеді.

Адамның дене мүшелеріне қатысты тұрақты теңеулер, фразеологизмдер болмысы сезім мүшелері арқылы қалыптасады. Бұл жайында тұрақты теңеулерді зерттеген Т. Қоңыров былай дейді: «Сезім мүшелерінің ең басты, ең пәрменділерінің бірі – көз. Адам көз арқылы дүниедегі заттар мен құбылыстарды көріп, олардың түр-тұрпатын, сан қилы формаларын, түсін, олардың бір-бірімен арақатынасын, орналасу тәртібін, қозғалыс-қимылын т.б. толып жатқан белгілерін танып біледі. Соның нәтижесінде адам санасында белгілі бір ұғымдар қалыптасады. Осылайша көзге көрініп, өздерінің әрқилы түр-түсімен танылған заттар мен құбылыстар образ болып қызмет атқарып, көру теңеулерінің жүйесін құрайды» [1,104].

Қабылдау негізінен көру арқылы іске асырылады десек, «адамды» танудың алғашқы және қарапайым сатысы көру арқылы басталып, адамның кескін-келбеті *көз тоқтату* арқылы ойға тоқылады, тіл арқылы суреттеледі. Мәселен, «сұлулық» ұғымына қатысты - *көз жауын алу*, «сүйкімсіз» ұғымын білдіретін *көзге қораши*, *түрткі болу* сияқты көз соматизмі ұйтқы болған фразеологизмдер адамның көз жанары ішкі эстетикалық қажеттіліктің қанағаттануы немесе қанағаттанбауының құралы ретінде «сұлулық» пен «ұсқынсыз» категорияларын айқындаудың арқауына алынатынын көрсетеді. Адамның сыртқы келбетіне байланысты образдар «галереясын» жасауда тіл бірліктерінің ішінен соматикалық

фразеологизмдер айрықша белсенділік танытады. Олардың денотативтік және коннотативтік мағыналары адам келбетін кескіндеудің тілдік моделін сомдайтын болса, образдық-фондық негіздері ұлттық эстетикалық таным-талғамның, дүниетанымдық көзқарастардың, адамды қоршаған табиғи және әлеуметтік-қоғамдық, мәдени ортаның әр алуан қырына берген бағаның тұтастығын құрайды.

Адамның бет-әлбет, дене бітіміне, жас ерекшелігіне байланысты сыртқы түр-тұрпаттағы өзгерістердің денотативтік мінездемесі мен жалпы физиологияның бейнелі сипаттамасын жасауда жан-жануарлар, құс, өсімдік атаулары мен тұрмыстық зат атауларының айрықша белсенділік танытуын табиғатпен біте қайнасып, үндестікте тірлік кешкен қазақтар мен басқа да түркі халықтарының көшпелі өмір салтымен, тұрмыстық мәдениеттерінің өзіндік ерекшелігімен түсіндіруге болады. Жалпы алғанда, «адам әлемі мен жан-жануар әлемі арасындағы параллелизм жан-жануарлар атауларының фразеологиялық бірліктер құрамында жиі кездесуін және мұндай фразеологизмдердің сөйлеуде кең қолданылуын айқындайтын басты фактор болып саналады. Жан-жануар бейнесіне қатысты қалыптасқан ассоциация біртіндеп сол бейнеге сәйкес келетін тілдік оралымға айналады», - дейді Т.В. Козлова [2,8].

г) средний урожай с куста, кг.

Для определения качества ягод проводили органолептическую оценку и определяли химический состав. Определение содержания сахара проводили методом Бертрана, а кислотности методом титрования 0,1% раствором щелочи.

Результаты и их обсуждение. По продуктивности винограда (таблица 1), как с куста, так и с гектара выделился сорт «Тайфи розовый», урожайность с куста составила 10,9 кг, что соответствует урожайности 294,3 ц/га.

Таблица 1 – Урожайность сортов винограда

Название сорта	Количество гроздей, шт.	Средний вес грозди, г	Урожайность	
			кг с куста	ц/га
Столовые сорта				
Тайфи розовый (st)	19	568,0	10,9	294,3
Паркентский розовый	26	239,6	6,3	170,1
Ризамат	19	535,5	7,8	210,6
Нимранг	22	286,3	6,3	170,1
Тайфи белый	24	540,0	8,4	226,8
Кишмиш батыр	27	281,0	7,5	202,5
Кишмиш Согдиана	29	272,5	7,9	213,3
Кишмиш розовый	30	202,0	6,0	162,0
Караизюм ашхабадский	33	258,4	8,5	164,8
Ак-халили	32	141,0	4,5	121,5
НСР05		34,3	1,8	26,3

Несколько ниже урожайность была у сортов «Караизюм ашхабадский», «Тайфи белый», «Кишмиш Согдиана», «Ризамат» и «Кишмиш батыр» урожайность с куста 8,5; 8,4; 7,9; 7,8 и 7,5 кг, а с одного гектара 229,5; 226,8; 213,3; 210,6 и 202,5 ц/га соответственно.

У столовых сортов самый низкий средний вес грозди и урожайность был отмечен у сорта «Ак-халили» - 141,0 г и 121,5 ц/га соответственно, что на 427 г и 172,8 ц/га меньше по сравнению со стандартом.

Основными показателями качества винограда являются сахаристость ягод и их кислотность. Эти показатели определяются генетическими особенностями сорта и природно-климатическими условиями. Проведенные исследования показали, что у столовых сортов количество ягод в кисти в среднем составляло – 62,3 шт. (таблица 2).

Таблица 2 – Качество ягоды столовых сортов винограда

Название сорта	Количество ягод в кисти, шт.	Средний вес одной ягоды, г	Содержание	
			сахара, %	кислот, г/л
Тайфи розовый (st)	76	5,8	19,36	6

Паркентский розовый	48	5,0	22,52	5
Ризамат	50	6,4	21,28	5
Нимранг	72	4,6	20,44	7
Тайфи белый	65	5,5	18,52	6
Кишмиш батыр	62	4,0	23,89	5
Кишмиш Согдиана	60	4,5	23,32	6
Кишмиш розовый	69	3,0	24,90	6
Караузюм ашхабадский	78	3,1	22,24	5
Ак-халили	43	3,6	19,08	7
НСР05		2,21		

Самая крупная ягода 5,0; 5,5; 5,8 и 6,4 г была соответственно у сортов «Паркентский розовый», «Тайфи белый», «Тайфи розовый» и «Ризамат». Несколько меньше средний вес ягоды был у сортов «Кишмиш батыр» (4,0 г), «Кишмиш Согдиана» (4,5 г) и «Нимранг» (4,6 г). У остальных столовых сортов этот показатель был на уровне 3,0-3,6 г.

Самое большое накопление сахара в ягоде отмечено у сортов «Кишмиш Согдиана» - 23,32%, «Кишмиш батыр» - 23,89% и «Кишмиш розовый» - 24,90%. Несколько ниже 22,52% этот показатель был у сорта «Паркентский розовый». В ягоде остальных столовых сортов этот показатель был ниже 22,16-22,24%. Самая низкая сахаристость ягоды отмечена у столовых сортов «Тайфи белый» - 18,52%, «Ак-халили» - 19,08% и «Тайфи розовый» - 19,36%.

Кислотность сока, при гармоничном соотношении с сахаристостью, определяет вкусовые качества ягод столового винограда. Так, наибольшее содержание титрованных кислот – 7 г/л наблюдалось у сортов «Нимранг» и «Ак-халили». Наименьшая кислотность – 5 г/л была в ягодах сортов «Паркентский розовый», «Ризамат» «Кишмиш батыр» и «Караузюм ашхабадский».

Выводы. По продуктивности винограда, как с куста, так и с гектара выделился сорт «Тайфи розовый», урожайность с куста составила 10,9 кг, что соответствует урожайности 294,3 ц/га. Несколько ниже урожайность была у сортов «Караузюм ашхабадский», «Тайфи белый», «Кишмиш Согдиана», «Ризамат» и «Кишмиш батыр» урожайность с куста 8,5; 8,4; 7,9; 7,8 и 7,5 кг, а с одного гектара 229,5; 226,8; 213,3; 210,6 и 202,5 ц/га соответственно.

Самое большое накопление сахара в ягоде отмечено у сортов «Кишмиш Согдиана» - 23,32%, «Кишмиш батыр» - 23,89% и «Кишмиш розовый» - 24,90%.

По качеству полученной продукции у столовых сортов отмечается гармоничный вкус, благодаря оптимальному соотношению кислоты и сахаристости в ягоде.

Результаты оценки адаптированных зарубежных сортов винограда свидетельствуют об их больших потенциальных возможностях в почвенно-климатических условиях Туркестанской области. В полупустынной зоне юга Казахстана можно рекомендовать для внедрения в производство, кроме районированного сорта «Тайфи розовый», такие сорта как: «Караузюм ашхабадский», «Кишмиш Согдиана», «Ризамат».

Список литературы

1. Программа восстановления и развития виноградарства и виноделия в Казахстане на период до 2010 года. Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет».
2. Гатаулина Г. Виноград: состав, полезные свойства, лечение и противопоказания для винограда. Виноград в кулинарии. Доступно на: <https://www.inmoment.ru>.
3. Смирнов К.В. Виноградарство и виноделие. Состояние, тенденции развития // Виноделие и виноградарство, 2002, № 5, С. 4-6.

4. Виноград (ягода). Доступно на:
[https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%92%D0%B8%D0%BD%D0%BE%D0%B3%D1%80%D0%B0%D0%B4_\(%D1%8F%D0%B3%D0%BE%D0%B4%D0%B0\)](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%92%D0%B8%D0%BD%D0%BE%D0%B3%D1%80%D0%B0%D0%B4_(%D1%8F%D0%B3%D0%BE%D0%B4%D0%B0))

Түйін

Бұл мақалада Түркістан облысының жартылай шөлейтті аймақтарында шет елдік бейімделген жүзім сорттарының зерттелу нәтижелерін бағалау. Байқағанымыздай бір түбінен және гектарынан жүзімнің өнімділігі бойынша «Тайфи розовый» сортында өнімділігі жоғары болып, бір түбінен 10,9 кг, гектарына 294,3 ц/га құрады. Өнімділігінің бір шама аздығымен «Караизюм ашхабадский», «Тайфи белый», «Кишмиш Согдиана», «Ризамат» және «Кишмиш батыр» бір түбінен 8,5, 8,4, 7,9, 7,8 және 7,5 кг, ал гектарынан 229,5, 226,8, 213,3, 210,6 және 202,5 ц/га құрады. Жемісінің құрамындағы қант мөлшерінің молдығымен «Кишмиш Согдиана» - 23,32%, «Кишмиш батыр» - 23,89% және «Кишмиш розовый» - 24,90% болды.

Abstract

В данной статье приводятся результаты исследований по оценке адаптированных зарубежных сортов винограда в полупустынной зоне Туркестанской области. Установлено, что по продуктивности винограда, как с куста, так и с гектара выделился сорт «Тайфи розовый», урожайность с куста составила 10,9 кг, что соответствует урожайности 294,3 ц/га. Несколько ниже урожайность была у сортов «Караизюм ашхабадский», «Тайфи белый», «Кишмиш Согдиана», «Ризамат» и «Кишмиш батыр» урожайность с куста 8,5; 8,4; 7,9; 7,8 и 7,5 кг, а с одного гектара 229,5; 226,8; 213,3; 210,6 и 202,5 ц/га соответственно. Самое большое накопление сахара в ягоде отмечено у сортов «Кишмиш Согдиана» - 23,32%, «Кишмиш батыр» - 23,89% и «Кишмиш розовый» - 24,90%.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ
ECONOMIC SCIENCES

ӘОЖ 334 (075)

Г.Қ. Амалбек, А. Мұхтархан, Б.Н. Исабеков

магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

КӘСІПОРЫНДЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУДЫ
ЖЕТІЛДІРУ ТЕТІКТЕРІ

Түйін

Қазіргі таңда заманауи әлемдік экономиканың дамуы әр түрлі үрдістердің әсерімен орын алып келеді. Алайда дамудың жетекші факторлары инновациялар мен адами капитал болып табылады, ал басым технологияларға биотехнологиялар, нанотехнологиялар, жасанды интеллект жүйелері, жаһандық ақпараттық желілері, интеграцияланған жылдамдығы жоғары көліктік жүйелер жатады. Осы мәселе төңірегінде мақалада кәсіпорынның инновациялық стратегиялық факторлар, инновацияланумен байланысты кәсіпорындардың даму стратегиясы, инновациялық стратегиялардың бірнеше түрлеріне түсініктеме берілген. Бұл мақалада, инновациялық стратегияның кәсіпорын қызметіне әсер етуі, инновациялық стратегияның түрлері, ұйымның инновациялық дамуын зерттеудің түрлі аспектілері егжей-тегжейлі қарастырылды. Сонымен қатар, жаһандық даму тренділері шұғыл инновациялық даму қажеттігі мен заманауи индустрияландыру проблемаларын шешуші және болашақ экономикасының негіздерін құруды білдіреді. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі инновациялық және стратегиялық басқаруға тікелей байланысты болып келеді.

Кілттік сөздер: инновация, стратегия, венчурлық стратегия, имитациялық стратегия, тәуекелді капитал, кәсіпкерлік.

Кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттыру экономиканың осы саладағы өндірістік қызметі сипатын өзгертуге мүмкіндік беретін, сондай-ақ оның басқа салаларының инновациялық өсімі үшін жағдайларды қамтамасыз ететін негізгі проблемалардың бірі болып табылады. Инновациялық белсенділік ерекше мойындалған жаңашылдық жасауды білдіреді, өндірістің жаңа ұйымдық-технологиялық құрылымына өтуге мүмкіндік береді және оның көмегімен алынатын өнімнің жылжыту нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, жаңашылдықтарды әзірлеу жеке алынған кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы ғана емес, сондай-ақ жалпы елдің экономикалық дамуының маңызды стимулы болып табылады [1]. Кәсіпорынның жалпы стратегиялық бағдарлауы кәсіпорынның инновациялық қызметінде маркетингтің әр түрлі нұсқаларын және оған әсер ететін факторларын ескеруі қажет инновациялық стратегия жүйесін құруға тікелей әсер етеді.

Бұл факторларға келесілерді жатқызуға болады:

- ғылыми-техникалық және кадрдық әлеует;
- тәжірибелі-экспериментті базаның даму деңгейі;

– материалдық емес активтердің және ҒЗТКЖ-ның орындалған нәтижелердің жағдайы;
– нарық үлесін есептегендегі шығарылатын өнімнің құрылымын және өмірлік циклін, технологиялық қаупі және функционалдық ауыстыруы[2];

Жекелеген аймақтарда өндірістік-технологиялық тізбекті жақсартатын жергілікті-нүктелік инновациялық стратегия өндіруші кешеннің өнімділігімен байланысты кешенаралық өндіріс көлемінің өзгерісі бойынша тұрақты коэффициенттерімен анықталатын кешен салалары бойынша өнімнің шығарылуы тізбекті ұлғаюымен сипатталады. Өндірістік-технологиялық қатынас қалыптасқан өндірістік-технологиялық әлеуеттің даму бағыттарына және оған қызмет көрсететін инфрақұрылымға сәйкес жүзеге асырылады. Мұндай дамудың басты сипаттамасы болып инновациядан экономиканың тиімділігін аддитивті жинақтау болып табылады, олардың жүзеге асырылуы жекелеген жақсартулар болмаса, экономиканың өндірістік-технологиялық құрылымының барлық тізбегін жетілдірмейді[3]. Біртекті өндіріс кәсіпорындарындағы стратегияның бұл нұсқасына инновацияны тарату төмен қарқынмен жүзеге асырылуда. Мұндай жағдайда, ережеге сәйкес, тізбектің жекелеген аймақтарында технологиялық деңгейдегі үзілістер ұлғаяды. Барлық өндірістік-технологиялық тізбектің жіберілетін мүмкіндіктері ескерілмеген түрде сапаның локальді өсуі оның жалпы әлеуетін өзгерте алмайды. Себебі, ол қалған аясы тар орындармен шектеліп отырады[4].

Барлық технологиялық тізбектердегі тар орындарды жоюға арналған инновацияларды қолданатын кезекті-бейімділік стратегиясы экономиканың технологиялық құрылым сипаттамасының тең дәрежеде өзгеруі мен жақсаруын қамтамасыз етеді, бір технологиялық кезеңнен басқасына ауысу барысында жоғалтуларды елеулі түрде төмендететін әр түрлі өндірістік-технологиялық тізбектердегі технологиялық деңгейлер арасындағы үзілісті азайтады. Ол өнімнің шығарылу көлемінің тізбекті түрде артуымен сипатталады. Бұл жерде инновация, ең алдымен, нәтижесінде технологиялар қақтығысында жоғалтуларды төмендететін экономиканың өндірістік-технологиялық құрылымының сапасын жақсартуға, жалпы экономика бойынша инновацияларды қолдану тиімділігін мультипликативті жинақталуына алып келетін өндірістің сапалық құрылымын жетілдіруге ықпал етеді[5].

Инновацияланумен байланысты кәсіпорындардың даму стратегиясы ұйымның агрессивтілік деңгейімен (алмастырылатын стратегия, маркетинг, өнімнің түрлері мен технологиялар буындарында ұйым алып келетін кенеттен орын алатын өзгерістің деңгейі) немесе қорғаныштық сипатының болуымен ерекшеленуі мүмкін.

Жаңалық енгізу процесіне қатысты кәсіпорын дамуының инвестициялық стратегиясының негізгі түрлері:

– инновациялық – жоғары дәрежелі негізде жаңалық енгізуді және өз бетінше өңдеу арқылы технологиялық көшбасшылықты қамтамасыз ететін;

– еліктеулік – еркін нарық сегменттерін тиімді игеруге және техно-логиялық көшбасшылық жетістіктерін серпінді ойнатуға бағытталған;

– венчурлық – инновация болып табылатын өнімге фирманың және бөлімшелердің қызметтерін пайдалану стратегиясы;

1-суретте әрбір стратегия кезеңдері анық көрсетілген. Олар ұзақтылығымен, сәйкесінше капитал сыйымдылығы мен тәуекел дәрежесі арқылы ерекшеленеді.



1-сурет. Кәсіпорынның инновациялық даму стратегиясы[5].

Кәсіпорын дамуының инновациялық стратегиясы технологиялар нарығын қалыптастыру және дамыту мақсатында радикалдың жоғары деңгейінде инновацияны дербес өңдеу мен енгізуді ұсынады. Ол неғұрлым ұзақ мерзімді ресурс сыйымдылықтың нәтижесі бола отырып, жаңашылдықтың толық өмірлік циклін қамтиды. Бұл стратегияны қолданудың ынталандырылуы радикалды инновацияны жасаудың ынталандырылуымен елеулі түрде сәйкес келеді. Инновациялық стратегияға сәйкес өндірісті өнімді және техно-логиялық модернизациялау бойынша, кәсіпорынның ұйымдастырушылық құрылымын өзгерту, жаңа басқару технологияларын қолдану және ұйымның қалыптасқан мәдениетіне жаңашылдықты мақсатты түрде енгізу бойынша теңдестірілген шаралар кешені жасалуы қажет деп саналады. Осындай жағдайда инновациялық стратегияның негізгі компоненттері болып инновациялық өнімнің стратегиясы; инновациялық технология стратегиясы; білімдерді басқару стра-тегиясы табылады.

Инновациялық стратегия жаңашылдықтың өмірлік циклдерінің барлық зерттеушілік және инвестициялық деңгейлерін біріктіре отырып, белгісіздіктің барлық түрлерімен, спецификалық тәуекелдіктермен, сондай-ақ, инновациялық үрдістің кереғарлықтарымен максималды көлемде байланысты болып табылады.

Зерттеушілер инновациялық стратегияның екі негізгі типтерін бөліп көрсетеді:

– бейімді, бұл жағдайда ұйым жаңашылдықты нарықта қалып-тасқан шарттардың өзгерісінде ондағы өз орнын сақтап қалу мақсатындағы кері жауапты құбылыс ретінде қолданады;

– бәсекелестік, мұнда жаңашылдық жетістікке жетудегі бастапқы пункт, бәсекелік басымдықтарға қол жеткізудегі құрал ретінде қарастырылады.

Бейімді стратегия ұйымның жетістікке жетуінің дәстүрлі жолдары негізінде қалыптасқан бар өнімдерді, нарықтарды, технологияларды қосымша жақсартылуына, жекелеген өзгерістеріне басымдық берілуімен сипатталады. Мұндай әдіс ұйымды жаңа өндірістік және нарықтық мүмкіндіктерді көруіне, қолдануына, жаңа бәсекелестік басымдықтарды табуға мүмкіндік бермейді және оның стратегиясының бәсекелесіне айқын болуына алып келеді. Бұл мәселе өз саласында тұрақты орында тұрған ұйымдарда кездеседі. Бірақ, бәсеке шарттары кенеттен өзгергенде, бейімдік әдіс қауіпті болып табылады, себебі ол мәселені шешу әдістерін сыни бағалауға мүмкіндік берілмейді.

Шығармашылыққа негізделген бәсекелік стратегия инновациялық әлеует факторларынан жинақталатын ұйымның инновациялық ортасын талдау негізінде қос кері

байланысты көрсетеді. Бұл стратегия мәселелерді талдау мен шешу әдістері аясында тұрақты бағалау мен тәжірибе жүргізу арқылы ұйымның үздіксіз инновациялануын, өзін өзі дамытуын талап етеді.

Инновациялық стратегиялар бірнеше арнайы түрлерге бөлінеді:

- азық-түлік;
- функционалды;
- ресурстық;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық

Радикалды инновацияларды жеткілікті деңгейде дербес жасау мен енгізуде кәсіпорын инновациялық, технологиялық, коммерциялық және қаржылық сияқты маңызды спецификалық тәуекелдермен ұшырасады.

Радикалды жаңашылдықты жасау негізделген белгісіздік шарттарында жүзеге асырылатын ықтимал үрдіс болып табылады. Ғылыми идеяны жүзеге асырудағы зерттеудің әрбір қадамы нәтижесінде бөлінген қаржының жоғалуына алып келетін теріс қорытындыларға алып келуі мүмкін. Инновациялық жобаны қате таңдаудың тәуекелін инновациялық қызметтің тәуекелдерінің түрі ретінде қарастырады. Жобаны қате таңдау тәуекелінің пайда болу себебінің бірі кәсіпкерлік ұйымның экономикалық және нарықтық стратегия басымдылықтарының, сондай-ақ, әр түрлі инновациялардың сәйкес басымдылықтарының негізделмеген түрде анықталуы. Сонымен қатар, мамандар да кәсіпорынның қаржылық жағдайы мен оның нарықтағы перспективасын бағалауда қателесуі мүмкін.

Жобаны дұрыс таңдамау тәуекелінің пайда болуының басқа себебі ретінде тұтыну нарығын қате бағалауды қарастыруға болады. Аталған себеп ғалымдармен жасалған «авторлық» жобаларға тән болады. Айта кету керек, нақты тапсырыс берушімен жасалмағандықтан, дәл осы «авторлық» инновациялық жобалар тәуекелді болып келеді. Сондықтан нәтижесіне сатып алушы табыла бермейді, ал жобаны жүзеге асыру бойынша шығыстар оны жасаушы үшін өтелмейтін шығын болып қалуы мүмкін.

Технологиялық тәуекелдік технологияны бейімдеудің ұзақ мерзімінде жиі көрініс табады. Жаңашылдықтың өмірлік циклінің қысқартылған мерзімінде бұл оның тиімділігі тұрғысынан шешуші кезең болуы мүмкін. Көбіне технология авторлары соңғы өнімнің өндірісі және технологиясын игеруде шығындарды калькуляциялаудың спецификациясымен таныс болмайды. Бұл жеке салымды қайта бағалауға және басқа шығындарды төмен бағалауға алып келеді. Басқа себеп топтары отандық спецификаны және инвесторды «ынталандыру» сияқты әдейі ойластырылған қадамды көрсетеді. Басқаша айтқанда, авторлар жобаның тартымдылығын және инвестордың ынтасын арттыру үшін шығындарды саналы түрде төмендетеді. Дәл осы кезеңде ұйымның инновациялық қызмет нәтижесінің моральдық құнсыздануы болып жатуы мүмкін. Немесе сәтті тәжірибелік-өндірістік апробациядан соң жаңашылдық өндіріс саласында жарамсыз болып қалады.

Коммерциялық тәуекел маркетингтік және іскерлік тәуекелдердің пайда болуын болжамдайды. Ресурстармен қамтамасыз етілумен байланысты маркетингтік тәуекелдер, ең алдымен, инновациялық жобаның техникалық ерекшеліктерімен шартталған. Бірқатар жағдайларда оны жүзеге асыру үшін мінсіз жабдықтар, оны жасау мен енгізуде талап етілетін жоғары сапалы құрамды бөлшектер немесе материалдар қажет болып табылады. Сондықтан ұйым алдында инновациялық жоба үшін осындай мінсіз ресурстарды жасай алатын жабдықтаушыларды табу мәселесі тұрады. Сондай-ақ, мұнда инновациялық жобаны жобалауда ұйым сенім артқан жабдықтаушылардың өз міндеттерінен бас тарту тәуекелдерін жатқызуға болады.

Инновациялық жобаның өнімінің нәтижесі бойынша маркетингтік тәуекелдер жаңа тауарларға деген жоғары бағалардың болуынан тұтынушылардың сатып ала алмауынан,

нарықтың мақсатты сегменті дұрыс анықталмағанынан немесе жаңашылдықты сатуда стратегияның қате таңдалуынан пайда болуы мүмкін. Сондай-ақ, жаңа тауарлар жарнамасының тиімсіздігінен болуы мүмкін. Тәуекелдіктің елеулі факторы ретінде монополизммен, жаңашылдықтың дискредитациясымен, құрылымдық тіректердің қолданылуымен байланысты бәсеке болып табылады.

Ұйым инновациялық стратегияны жүзеге асыру барысында нақты біржолғы шығыстарын мәселелі болашақ кірістермен салыстырады. Мұндай жағдайда ұйымның ағымдық табыстылығы немесе қаржылық тұрақтылығы төмендегенде қаржылық тәуекелдер пайда болады. Бұл өз кезегінде тартымды несиелік ресурстардың қымбаттауына алып келеді. Осылайша, инновациялық стратегияда нәтиженің алыну ұзақтығы мен ықтимал сипаты қаржылық бағдарламаларды тәуекелдіктің жоғары деңгейімен жүзеге асыруды талап етеді[2].

Имитациялық стратегия жаңашылдықты нарыққа шығаруда алғашқы кәсіпорын болып табылмайтын ұйымдарда қолданылады. Имитациялық үлгі алдыңғы кезеңдерде технологиялық көшбасшылармен қолданылған немесе шығарылған технологиялар мен өнімдерді өзгеріссіз немесе аз модификацияланған түрде енгізуді болжамдайды. Мұндайда шағын инновациялық ұйымдармен немесе көшбасшысы фирмалармен шығарылған жаңашылдықтың негізгі тұтынушылық қасиеттері көшіріліп алынады. Инноватор ұйымның ашылған нарықтық мүмкіндіктерді толық жүзеге асыра алмауының себептері әр түрлі, дегенмен көптеген жағдайларда ұйымның қаржылық қуаттылығының төмен болуымен байланыстырылады. Имитациялық стратегияны пайдалануда инновациялық тәуекел жоғалады, технологиялық тәуекел минимумға дейін азаяды, коммерциялық және қаржылық тәуекелдер төмендейді[1]. Әлемдік тәжірибеде инвестицияның имитациялық үлгісінің кең қолданылуы осымен түсіндіріледі. Кейбір авторлар имитациялық инвестициялық стратегияны түрлерге бөліп қарастырады. Атап айтқанда, әлемдік нарыққа шығу мақсатымен алдыңғы қатарлы ғылыми-техникалық жұмыстар негізінде жасалған технологиялық жетістіктерге басымдық берілетін «пионерлік» модернизацияны және халықаралық бәсекеге қабілеттілік жетістіктеріне негізделмеген «қуып жетуші» модернизация деп екі типке бөліп көрсетеді.


Классикалық венчур ұйымның инновациялық стратегиясы емес, ол өнімі жаңашылдық болып табылатын көбіне жылдам дамушы салалардағы шағын, зерттеуге мамандандырылған ұйымдардың қызмет нысаны болып табылады. Венчурлық стратегия деп ірі өндіруші ұйымдардың инновациялық қызметінде зерттеуші ұйымдар мен бөлімшелердің қызметін, ұйымдастырушылық байланысымен және қаржыландыру әдістерін қолданудың түрлі нұсқаларын айтуға болады[5].

Тәуекелді капитал – әр түрлі капиталдардан тұратын (акционерлік, қарыздық, кәсіпкерлік), ғылыми-техникалық прогрестің қазіргі даму деңгейіне сәйкес бастаушы ғылыми сыйымды жоғары технологиялық ұйымдарды құрудың әдістері[4].

Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл жағдайда құрылтайшылық пайданы немесе алынған акциялардың өсімінен түсім алу мақсатында басқа жаңашыл ұйымдастырушылық-қаржылық венчурлық құрылымнан венчурлық қорлардың қаржылық-құрылтайшылық қызметін ажырата алу қажет. 2-суретке сәйкес қор өз инвесторларының құралдарын жаңа бастаушы, перспективті ұйымға инвестиция ретінде салады және оған қаржылық жетекшілік ету үшін басқарушы компаниялар құрылады. Қорға қажетті баға өсіміне қол жеткізілгеннен кейін, ұйымдар сатылады. Тіпті осы нысанда да венчур анық инновациялық құрылымға ие болып табылады.

Венчурлық фирма «классикалық» венчур жағдайында өз инвесторларымен бірге барлық инновациялық тәуекелдікке, ал ілеспелі венчур жағдайында (өндірісте, нарыққа бірінші шығуында инновацияны енгізу) технологиялық тәуекелдіктің бірқатар бөліміне жауапты. Мұндайда оны дайын өнім ретінде алатын тұтынушы-корпорация (тапсырыс

беруші) инновациялық үлгімен салыстырғанда жеңілдетілген спецификалық және жүйелік тәуекелдермен ұшырасады. Қаржылық венчур өзінің инновациялық құрамында тек қана маңызды бөлігі ғана емес, сондай-ақ, инновациялық бизнестің неғұрлым динамикалық секторы болып табылады. Сонымен қатар, ұйымдастырушылық-қаржылық көзқарас тұрғысынан венчурлық қорлармен бақыланатын фирмалар мен корпоратив аралық инновациялық консоциум арасында айырмашылық жоқ.



2-сурет. Венчурлық қорлар қызметінің ұйымдастырушылық-қаржылық жүйесі

Мұнда шек құрылтайшылардың стратегиялық мүддесінде жатыр – бірінші жағдайда инвесторларды, ең алдымен, құрылтайшылық табыс көлемі қызықтырады, ал екіншісінде – тікелей инновациялық зерттемелер түріндегі венчурлық фирмалардың өнімі. Алайда объективті түрде венчурлық қорлардың тәсілдемесі ФТӘ-нің қазіргі кезеңінің негізгі үрдісіне сәйкес келеді – зерттеулерді әзірлеу мен өткізу арасында кешеуілдетуді болжайтын, оларды жаппай коммерциялау (сәйкесінше, капитализациямен де). Дегенмен, қаржылық венчурдің табысты жұмыс істеу шарты қаржылық нарықтың дамуы болып табылатынын ескеру қажет және бірінші кезекте, бағалы қағаздар нарығының дамуы, ол өз кезегінде кемінде тұрақты инвести-циялық ахуалды болжайды[5].

Қазақстандағы инновациялық кәсіпкерлікке әсер ететін факторларды бағалай отырып, келесідей түйіндеуге болады:

– экономикалық факторлар бойынша – нарық масштабына және олардың даму деңгейіне, халықтың табысының көлемі мен үлестірілуіне – бизнеске кіру кедергілері мен іскерлік тәуекелдерге, ал соңында кәсіпкерлік ынтаға әсер ететіндердің барлығына жағдай аса ауыр;

– технологиялық факторлар бойынша – әлемдік деңгейде кәсіпкерлік бастамаларды жүзеге асыру мүмкіндігін анықтайтын ұлттық ғылымның, техника мен технологияның даму деңгейінде де жағдай қысымды болғанмен позитивті даму мүмкіндігін сақтаған;

– саяси және құқықтық факторлар бойынша – қоғам мен мемлекет қатынасының, мемлекеттік басқару механизмі мен қоғамды мәні бар шешім қабылдау шараларының тұрақтылығы, меншіктік қатынастардың дамуы, азаматтық құқық пен құқықтық сананың даму деңгейі сияқты құбылыстар ұзақ мерзімге кәсіпорынның құқықтық ортасының сенімділігін қамтамасыз етеді, жалпы алғанда мұнда жағдай жағымды сипатта[3].

Әдебиеттер тізімі

1. Арыстанбаева С. Финансовое обеспечение конкурентоспособности экономики Казахстана: автореферат д. э.н.: 08.00.10. – Алматы, Казахский экономический университет им.Т.Рыскулова, 2006, 36 с.
2. Асаул А., Скуматов Е., Локтеева Г. Методологические аспекты формирования и развития предпринимательских сетей. СПб: Гуманистика, 2010, 256 с.
3. Асаул А.Н. Оценка собственности. Оценка нематериальных активов и интеллектуальной собственности : учебник. СПб: ИПЭВ, 2011, 298 с.
4. Баринов В.А. Стратегический менеджмент. М.: ИНФРА-М, 2005, 237 с.
5. Арутюнов Ю.А. Финансовый менеджмент. М.: Кнорус, 2010, 312 с.

Аннотация

В настоящее время развитие современной мировой экономики сопровождается различными тенденциями. Однако ведущими факторами развития являются инновации и человеческий капитал, а приоритетными технологиями являются биотехнология, нанотехнология, системы искусственного интеллекта, глобальные информационные сети и высокоскоростные транспортные системы. В этой статье разъясняются некоторые инновационные стратегии предприятия, стратегия развития предприятий связанных с инновациями. В этой статье рассматриваются различные аспекты инновационной стратегии развития предприятия, а также типы инновационных стратегий, инновационное развитие организации. В то же время глобальные тенденции, как правило, являются ключом к необходимости срочного развития инноваций и вызовов современной индустриализации и создания будущей экономики. Конкурентоспособность предприятия напрямую связана с инновационным и стратегическим управлением компании.

Abstract

At present, the development of the modern world economy is accompanied by various trends. However, innovation and human capital are the leading factors of development, and priority technologies are biotechnology, nanotechnology, artificial intelligence systems, global information networks and high-speed transport systems. This article explains some of the innovative strategies of the enterprise, the strategy of development of enterprises related to innovation. This article examines various aspects of innovative enterprise development strategy, types of innovative strategies, innovative development of the organization. At the same time, global trends tend to be the key to the urgent need for innovation and the challenges of modern industrialization and the creation of a future economy. The competitiveness of the company is directly related to the innovative and strategic management of the company.

ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫ
ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ
JURISPRUDENCE

УДК 347.91/95

Н.И. Аллаярова, А.Д. Шерәлиева

преподаватель, Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова, Шымкент,
Казахстан

преподаватель, Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова, Шымкент,
Казахстан

**ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ИНСТИТУТА МЕДИАЦИИ В РЕСПУБЛИКЕ
КАЗАХСТАН**

Аннотация

В статье рассмотрена проведенная в Республике Казахстан работа по внедрению и формированию альтернативных процедур разрешения споров, наиболее распространенной из которых является медиация. В настоящее время институт медиации осуществляет свое развитие в Республике Казахстан и для его полноценного формирования в обществе необходимо решить еще много проблем, касающихся правосознания граждан, правовой культуры и образования, совершенствования правового регулирования медиативного разрешения споров. Популяризация примирительных процедур среди населения приведет к успешному внедрению медиации и других альтернативных процедур разрешения споров в обществе. Как правовой институт, медиация в Республике Казахстан стала востребованной и ведет свое формирование как альтернативный вид урегулирования спорных и конфликтных ситуаций в судебном и внесудебном порядке. Судебная медиация, регулируется нормами Кодекса Республики Казахстан от 31 октября 2015 года № 377-V «Гражданский процессуальный кодекс» и внесудебная медиация, регулируется Законом Республики Казахстан от 28 января 2011 года № 401-IV «О медиации».

Ключевые слова: медиация, медиатор, посредник, суд, государство, формирование, институт медиации, альтернативные процедуры, примирительные процедуры, правосознание граждан.

Введение

В последнее десятилетие в Республике Казахстан государством была проведена работа по внедрению и формированию альтернативных процедур разрешения споров, наиболее распространенной из которых является медиация. Популяризация примирительных процедур среди населения приведет к успешному внедрению медиации и других альтернативных процедур разрешения споров в обществе. В настоящее время институт медиации осуществляет свое развитие в Республике Казахстан и для его полноценного формирования в обществе необходимо решить еще много проблем, касающихся правосознания граждан, правовой культуры и образования, совершенствования правового регулирования медиативного разрешения споров.

Термин «альтернативное разрешение споров» впервые появился в США при активном участии общественных организаций. Этот термин стали использовать в отношении альтернативных судебному разбирательству процедур разрешения споров. Альтернативные процедуры направлены на снижение количества дел, поступающих в судопроизводство, за счет достижения сторонами спора соглашения. Под альтернативными формами разрешения споров предполагали такие процедуры, которые применяются как внесудебной системы, так и внутри нее.

Правовой анализ

Как правовой институт, медиация в Республике Казахстан стала востребованной и ведет свое формирование как альтернативный вид урегулирования спорных и конфликтных ситуаций в судебном и внесудебном порядке. Судебная медиация, регулируется нормами Кодекса Республики Казахстан от 31 октября 2015 года № 377-V «Гражданский процессуальный кодекс» и внесудебная медиация, регулируется Законом Республики Казахстан от 28 января 2011 года № 401-IV «О медиации». Соответственно право на обращение к медиативному разрешению спора может быть реализовано как после возбуждения дела в суде, так и внесудебном порядке. В этом аспекте институт медиации в целом является универсальным институтом. Эта альтернативная процедура сможет существенно снизить нагрузку на судебную систему, уменьшить количество споров и конфликтов, возникающих во многих сферах жизнедеятельности граждан. Существующая в мире практика показывает, что оба направления медиативного разрешения спора могут развиваться параллельно (например США). В настоящее время альтернативные процедуры разрешения спора являются частью правовой системы большинства ведущих стран, которые существуют в рамках разнообразных примирительных процедур. Использование мирового опыта применения института медиации и активное его внедрение среди населения влечет огромные перспективы для совершенствования применения медиации. Популярность заключения медиативного соглашения обусловлена рядом преимуществ таких как: достижение сторонами соглашения по возникшему спору, в медиации отсутствуют победители и побежденные, ее цель достижение решения, которое удовлетворяет стороны спора; решение спора путем медиации не является длительным, что существенно влияет на экономию времени, денег, также сохранение от стрессовых ситуаций здоровья граждан.

Согласно ст. 24 Кодекса Республики Казахстан «Гражданский процессуальный кодекс» подведомственный суду спор (конфликт), возникший из гражданско-правовых отношений, по письменному соглашению сторон может быть разрешен в порядке медиации, партисипативной процедуры или передан на рассмотрение арбитража, когда это не запрещено законом [1].

В настоящее время разрешение спора при обращении граждан в суд в порядке медиации производится по письменному соглашению сторон, то есть в добровольном порядке. По нашему мнению существует необходимость введения норм в действующее гражданское процессуальное законодательство, предусматривающих обязательное соблюдение сторонами порядка досудебного урегулирования спора. Обязательность соблюдения сторонами досудебного урегулирования спора приведет к успешному развитию и формированию института медиации. Это окажет действительное влияние на снижение количества обращений в суд и соответственно разгрузит судебную систему, что в результате приведет к решению основной на сегодняшний день проблеме судов.

Согласно Закону «О медиации» примирительные процедуры проводятся по спорам, вытекающим из гражданско-правовых отношений, возникающих из гражданских, трудовых, семейных и иных отношений, а также рассматриваемым в ходе уголовного судопроизводства по делам о преступлениях небольшой и средней тяжести.

Согласно п.3 ст. 1 Закона Республики Казахстан «О медиации» процедура медиации не применяется к спорам (конфликтам), возникающим из гражданских, трудовых, семейных и иных правоотношений с участием физических и(или) юридических лиц, когда одной из сторон является государственный орган [2].

В целях развития и совершенствования применения медиации по нашему мнению следует исключить правовой запрет из Закона «О медиации» на примирение между гражданами и государственными органами.

Согласно, Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан, суд, реализуя

задачи подготовки гражданского дела к судебному разбирательству, призван содействовать примирению сторон, сторонам спора разъясняются правовые последствия при заключении соглашений. Порядок проведения судебной медиации по поступившим в суды спорам, определяется с учетом требований 48,174,179,180,194,201,246 и 277 статей.

Согласно п.2 ст.115 Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан при заключении мирового соглашения, соглашения об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации или соглашения об урегулировании спора в порядке партисипативной процедуры, которые утверждены судами первой, апелляционной инстанции, подлежат возврату из бюджета уплаченная государственная пошлина в полном объеме. При заключении мирового соглашения, соглашения об урегулировании спора(конфликта) в порядке медиации или соглашения об урегулировании спора в порядке партисипативной процедуры в суде кассационной инстанции подлежат возврату из бюджета уплаченная государственная пошлина в размере пятидесяти процентов от суммы, уплаченной при обращении в суд кассационной инстанции [1].

В настоящее время в судах рассматривается большое количество исковых требований, по которым возможно мирное их разрешение, путем проведения примирительных процедур. Применение медиативных процедур приведет к уменьшению количества обращений граждан в суды в значительной мере так, как разрешение многих споров осуществится путем мирных переговоров. Разъяснительные работы среди населения о привлекательности медиативного разрешения споров изменит общественное мнение и приведет к популяризации и активному применению граждан примирительных процедур. Суть медиативных процедур в осуществлении мирных переговоров между сторонами с помощью посредника и достижения обоюдного согласия сторон.

Анализируя действующее законодательство регулирующее деятельность медиации в Республике Казахстан можно сказать, что в настоящее время более развита судебная медиация так, как населению более понятен процесс разрешения спора в порядке судебной медиации у граждан он вызывает больше доверия. Из-за отсутствия юридической силы у медиативного соглашения внесудебной медиации граждане реже обращаются к этому направлению медиации. Поэтому для развития популярности внесудебной медиации среди населения необходимо придать юридическую силу внесудебному медиативному соглашению и законодательно урегулировать порядок принудительного исполнения по нему.

Законом «О медиации» предусмотрено правовое положение медиаторов и организаций, обеспечивающих проведение медиации.

Согласно п.1 ст.9 Закона Республики Казахстан «О медиации» медиатором может быть независимое, беспристрастное, не заинтересованное в исходе дела физическое лицо, выбранное по взаимному согласию сторон медиации, включенное в реестр медиаторов и давшее согласие на выполнение функции медиатора [2].

Законом «О медиации» предусмотрены жесткие требования к кандидатуре медиатора ввиду того, что для активного внедрения альтернативных способов разрешения споров и их пропаганды среди населения, необходимо в первую очередь повысить статус медиатора. Только в этом случае появится доверие граждан к примирительным процедурам и осуществится полноценное формирование института медиации в Республике Казахстан. Также для стимулирования качественного проведения медиативных процедур для медиаторов, осуществляющих деятельность на профессиональной основе предусмотрены определенные требования такие, как: обладание высшим образованием, достижение двадцати пяти лет, обладание документом (сертификатом), подтверждающим прохождение обучения по программе подготовки медиаторов и обязательность включения в реестр профессиональных медиаторов; судьи в отставке. Для медиаторов, осуществляющих свою деятельность на непрофессиональной основе, предусмотрены такие требования к

кандидатурам, как достижение сорокалетнего возраста и включение в реестр непрофессиональных медиаторов; судьи при проведении примирительных процедур в суде.

Выводы

В настоящее время в судах рассматривается большое количество исковых требований, по которым возможно мирное их разрешение, путем проведения примирительных процедур. Применение медиативных процедур приведет к уменьшению количества обращений граждан в суды в значительной мере так, как разрешение многих споров осуществится путем мирных переговоров.

По нашему мнению существует необходимость введения норм в действующее гражданское процессуальное законодательство, предусматривающих обязательное соблюдение сторонами порядка досудебного урегулирования спора. Обязательность соблюдения сторонами досудебного урегулирования спора приведет к успешному развитию и формированию института медиации. Это окажет действительное влияние на снижение количества обращений в суд и соответственно разгрузит судебную систему, что в результате приведет к решению основной на сегодняшний день проблеме судов.

Анализируя действующее законодательство регулирующее деятельность медиации в Республике Казахстан можно сказать, что в настоящее время более развита судебная медиация так, как населению более понятен процесс разрешения спора в порядке судебной медиации у граждан он вызывает больше доверия. Из-за отсутствия юридической силы у медиативного соглашения внесудебной медиации граждане реже обращаются к этому направлению медиации. Поэтому для развития популярности внесудебной медиации среди населения необходимо придать юридическую силу внесудебному медиативному соглашению и законодательно урегулировать порядок принудительного исполнения по нему.

Также по нашему мнению в целях повышения качества работы медиаторов возможна организация различных конкурсов на республиканском уровне и осуществление поощрений отличившихся медиаторов специальными наградами.

По нашему мнению популяризация медиативных процедур среди населения имеет большой потенциал для совершенствования применения медиации. Активная поддержка государства и использование мирового опыта в формировании института медиации позволят гражданам разрешать возникшие споры, что немаловажно экономя свои деньги и время, путем проведения примирительных процедур, поддерживая и сохраняя имеющиеся дружеские отношения между ними.

Список литературы

1. Кодекс Республики Казахстан от 31 октября 2015 года № 377-V «Гражданский процессуальный кодекс».
2. Закон Республики Казахстан от 28 января 2011 года № 401-IV «О медиации».

Түйін

Мақалада Қазақстан Республикасында дауларды шешудің баламалы рәсімдеуді ендіру және қалыптастыру және оның ішінде ең көп тараған медиация бойынша жұмыстар жүргізілгені қарастырылған. Қазіргі уақытта медиация Қазақстан Республикасында дамуда және оны толыққанды қалыптастыру үшін азаматтардың құқықтық санасына, құқықтық мәдениет пен білім беруге, дауларды медиациялық шешуді құқықтық реттелуін жетілдіруге қатысты көптеген мәселелерді шешу қажет. Халық арасында бітімгерлік рәсімдеуді тарату, қоғамда медиацияның және дауларды өзге баламалы рәсімдеумен нәтижелі ендірілуіне алып келеді. Қазақстан Республикасында медиация құқықтық институт ретінде сот және соттан тыс рәсім тәртіпте даулы және дау-дамайлың жағдайларды реттеудің баламалы түрі ретінде қалыптасты және қажеттілігін көрсетті. Сот медиациясы № 377- V 2015 жыл 31 қазан Қазақстан Республикасы «Азаматтық процестік кодексі» нормаларымен реттеледі және соттан тыс рәсім медиация № 401- IV 2011 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан Республикасының

«Медиация туралы» Заңымен реттеледі.

Abstract

In article it is considered, the work on introduction and formation of alternative procedures of settlement of disputes, the most widespread which is carried out in the Republic of Kazakhstan of which is mediation. Now the institute of mediation carries out the development in the Republic of Kazakhstan and for its full formation in society it is necessary to solve a lot more problems concerning sense of justice of citizens, legal culture and education, improvement of legal regulation of mediation settlement of disputes. Promoting of conciliatory procedures among the population will lead to successful introduction of mediation and other alternative procedures of settlement of disputes in society. As legal institute, mediation in the Republic of Kazakhstan became demanded and conducts the formation as an alternative type of settlement of disputable and conflict situations in a judicial and extrajudicial order. Judicial mediation regulated by clauses of the Code of the Republic of Kazakhstan of October 31, 2015 No. 377-V "Code of Civil Procedure" and extrajudicial mediation is regulated by the Law of the Republic of Kazakhstan of January 28, 2011 No. 401-IV "About mediation".

ӘОЖ 349.222

А.Б. Болатбаев

магистрант, М.С. Нарикбаев атындағы КАЗГЮУ университеті, Астана, Қазақстан

ҰЖЫМДЫҚ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН ШЕШУДЕГІ ТАТУЛАСТЫРУ РӘСІМДЕРІ: ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

Түйін

Республика аумағында жұмыс берушілердің жұмыскерлер ұжымымен арасындағы еңбек қатынастары белгілі факторларға байланысты қақтығыстарға жалғасып жатқан жағдайлардың саны артуда. Соның себебінен екі тарап арасында пайда болған еңбек дауын құқықтық та, әлеуметтік те тұрғыдан бейбіт жолдармен шешу қажеттілігі туындауда. Яғни, еңбек дауының негізінде орын алуы мүмкін ереуіл ұйымдастыруды алдын алу арқылы екі тараптың құқықтарымен заңды мүдделерін сақтау. Сондай-ақ, отандық заңнамадағы көзделген татуластыру рәсімдерінің негізгі үш нысаны қалыптасқандықтан, ұжымдық еңбек дауларын шешуде тараптардың бейбіт келісімге келу ықтималдылығы төмендейді, сәйкесінше, татуластыру нысанындағы дауды шешу тәсілдері ауқымын кеңейту мәселесі туындайды. Бұл мақалада жұмыс берушінің жұмыскерлер ұжымымен арадағы ұжымдық дауларды шешудің бір тәсілі татуластыру рәсімдерінің отандық заңнамамен реттелу сипаты және шетелдік тәжірибедегі кейбір ерекшеліктері талқыланады.

Кілттік сөздер: Еңбек құқығы, татуластыру рәсімдері, татуластыру комиссиясы, ұжымдық еңбек даулары, ереуіл, ұжымдық шарт.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде егемендік алған сәттен бастап, мемлекеттің құқықтық базасын құрайтын нормативтік-құқықтық актілер экономикалық және тарихи фактілердің себебінен түрлі даму сатыларынан өтті. Бұл жағдайды еңбек құқығы да еңсерген болатын.

Еңбек құқығы өз дамуында бірнеше тарихи кезеңдерден өтті. Және бұл кезеңдердің әрбіреуінде шешуші фактор ретінде белгілі бір құқықтық мәселелердің заң шығарушымен қарастырылмауы себеп болады. Мұндай мәселелердің бірі – ұжымдық еңбек дауларын шешу жолдары.

Қазақстан Республикасы Конституциясы 24 бабы 3 бөлігінде көрсетілгендей, ереуіл жасау құқығын қоса алғанда, заңмен белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы мойындалады [1]. Мемлекетпен азаматтардың еңбек

қатынастары негізінде туындаған дауларын шешуде құқықтар мен бостандықтарын қорғауға толықтай құқықтық кепілдік берілген.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі 1 бабы, 16 тармағына сәйкес, еңбек дауы – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек және ұжымдық шарттардың, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы келіспеушіліктер танылады [2].

Жоғарыда көрсетілген құқықтық актілердің нормаларының мазмұнынан байқайтынымыз, заң шығарушының ұжымдық еңбек дауы туындағандағы құқықтық позициясы бір – тараптардың арасындағы қақтығыстың соңғы нысаны ереуілді алдын алу және шешу мақсатында барлық құқықтық шараларды жүзеге асыру. Сәйкесінше, қарастырылып отырған ұжымдық еңбек дауларын шешудегі ең алғашқы тәсіл – татуластыру рәсімдері.

Татуластыру рәсімдерінің заңи анықтамасы ҚР Еңбек кодексінің 162 бабы 4 тармақшасында көрсетілген: татуластыру рәсімдері – ұжымдық еңбек дауын бастапқыда татуластыру комиссиясында, ал онда келісімге қол жеткізілмеген кезде – еңбек төрелігінде, сондай-ақ медиация рәсімін қолдана отырып, тараптардың өзара келісуі бойынша рет-ретімен қарау.

Бұл норманың негізінде заң шығарушы татуластыру рәсімдерін үш нысанда қарастырады: татуластыру комиссиясы, еңбек төрелігі, тараптардың делдалды тарту арқылы дауды шешуі.

Еңбек заңнамасында көзделген татуластыру рәсімдері анықтамасынан оларды жүзеге асырудың басты мақсатын анықтауға болады – олар ұжымдық еңбек дауларын шешуге әкелуі тиіс. Алайда, бұл мақсатты тікелей емес, қосымша деп атауға да болады. Яғни, татуластыру рәсімдерінің басты мақсатының орын алмауы, мұндай мақсаттың қойылуы арқылы белгілі бір жағдайдың келешекте қалай өзгеретіндігі туралы болжауға ешқандай мүмкіндік бермейтіндігімен түсіндіріледі. Еңбек заңнамасымен дауды шешудің соңғы нысаны ретіндегі «ереуіл» қарастырылмаса, бұл жағдай ұжымдық еңбек дауларының құқықтық тұрғыдан шешілуіне шектеу қоятындығы анық.

Ереуілдің еңбек дауларын шешудің соңғы тәсілі ретінде қолданылуы даудың татуластыру рәсімдерінің жүзеге асуымен аяқталмайтындығын және ереуілдің еңбек дауының екі тарабына да тиімсіз тәсіл екендігіне көз жеткіземіз. Ереуіл – дауды реттеуге бағытталған барлық тәсілдерді қолданған жұмыскерлер жол беретін соңғы ғана емес, мәжбүрлі шара. Сәйкесінше, татуластыру рәсімдерінің құқықтық мақсаты – ұжымдық еңбек дауларын қарастыру барысында дауды ереуілге дейін жеткізуден сақтану болып табылады [3].

